



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ



JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№22

(854)

4 маусым

2021 жыл

ТҮЙТКІЛ

Жазда мал аштан қырыла ма? Қырылады екен. Жұт емес. Бірақ Маңғыстау облысында мал жұттан қырылғандай арам қатып жатыр. Өйткені жерде қылтан шөп жоқ. Оның үстіне, көктемнен бері маңғаз далаға бір тамшы жаңбыр тамбапты. Халықтың қолындағы жемшөп қыстың өзінде-ақ тақа таусылған. Жергілікті тұрғындар облыс көлемінде төтенше жағдай жариялау керек деп дабыл қағып отыр.



Фотос: Интернет

Соңғы жылдары қуаңшылық қысып барады. Бұдан бұрын да малын құдықтан суарып, қуаң даланың жусанына жаятын Маңғыстау малшылары жаздың аптап ыстығынан азап шегуші еді. Биылғысы тіпті ауыр соғуда. Жергілікті шаруа Қарубай Алағөзовтың айтуынша, бұрынғы жылдары сәуір, мамыр айында ешкім малға жем бермейтін. Жер көктеп, мал тойынып кетуші еді. Биыл жауын да жоқ, көк те шықпаған. Мал қолға қарап тұр. Қ.Алағөзов КТК телеарнасына берген сұхбатында «Қазір төлге енесінен туған бойда жем беретін болдық. Жаздың өзінде жемдей бастадық. Арғы жылы жеміне 9 миллион тенге кеткен болса, биыл 4-5 айдың ішінде 18 миллион тенгені жаратып үлгердік», – дейді.

Маңғыстау шаруалары бағзы заманнан құдық суымен күнелтеді. Мұнда арқырап аққан өзен, мөлдір бұлақ жоқ. Төрт түлік мал жауын суымен өсетін қара жусан, жыңғыл сияқты шөл даланың шөбіне бейімделген. Қуаңшылық жылдары мал осылай жұтап қалады. Биылғы қуаңшылық шаруаны қысып тұр. Көктемде қорадан жайылымға кеткен жылқылар сіңірі шығып әр жерде құлап, сиыр сұлап жатыр. Жыл басынан бері өңірде 1400-ге жуық жылқы, қой, түйе арам өліпті. Қырсық қылғанда, жемшөптің де бағасы шарықтап кеткен. Қазір бір қап кебек – 2000, шөптің бір орамы 16 000 тенгеге өсіпті. Сондықтан шаруалар мал азығын алуға мемлекет тарапынан көмек сұрап отыр. Маңғыстау облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бөлім басшысы Аслан Сүйебаевтың айтуынша, арнайы штаб құрылыпты. Штаб Ақтөбеге іссапармен кеткен. Екі облыстың арасында жемшөп тасымалын ұйымдастыру мәселесін қарастырып жатқан көрінеді. Одан бөлек, Маңғыстау облысының шаруа қожалықтарына Ақтөбе облысынан уақытша жайылым жер беру жағын да келіспекші.



МАҢҒЫСТАУДА

МАЛ ҚЫРЫЛЫП,

ҚЫЗЫЛОРДАДА

ҚУАҢШЫЛЫҚ ҚЫСЫП БАРАДЫ

Қызылорда облысының Арал ауданында 500-дей ірі қара қуаңшылықтан қырылып қалды. Әсіресе, Сыр беткейіндегі сегіз ауылдық округте жағдай қиын. Мұнда да қыста қар, көктемде жауын-шашын болмағандықтан, жайылымға көк өспеген. Шөп орнына тұзы шығып, сорға айналған далада мал азық таппай, әр жерде теңкііп жатыр. Оның үстіне, Сырдария тартылған. Ақшатау мен Қамбаш көлдері тартылудың алдында тұр.



Әзірге, мамандар жүргізген есеп бойынша, 159 бас сиыр, 321 жылқы, бір түйе шығын болған. Қуаңшылық мұндағы шаруаларды да тығырыққа тіреп отыр. Малшыларға мемлекеттен өтемақы төленбейді. Бірақ жергілікті билік жемшөппен қамту мәселесін қолға алып жатыр.

Арал ауданы әкімінің орынбасары Еркін Әбішев «Қазақстан» телеарнасына берген сұхбатында мал шығынын азайту үшін біраз жұмысты қолға алғанын айтады.

(Жалғасы 3-бетте)

АШЫҚ ӘҢГІМЕ

Шыны керек, аграрлық мемлекет болғанымызбен, кей жылдары шаруа жердің игілігін, малшы төрт түліктің пайдасын көре алмай жатады. Көтпен көтерген егінші судан таршылық көріп, қуаңшылықтан зиян тартса, малшы қойының терісін пұлдап, жүнін өткізе алмай, шөптің өзін қып-қызыл ақшаға сатып алып, ата кәсіптің қызығынан гөрі азобын тартуда. Мұның жауабын біз Мәжілістің аграрлық мәселелер комитетінің мүшесі, «Nur Otan» партиясы фракциясының депутаты Қайнар Абасовтан сұрап-білдік.

Қайнар АБАСОВ:

600 МЫҢ ГЕКТАР ЖЕР ШАРУАҒА ҚАЙТАРЫЛАДЫ



Jas qazaq: Қайнар мырза, уақыт тауып, сұхбатқа келіскеніңізге рахмет! Әңгімені қоғамдағы өзекті тақырыптардан бастасaq. Соңғы екі айдан бері Түркістан облысындағы Қазығұрт, Сарыағаш, Келес аудандарының тұрғындары мал жайылымының тарылып кеткенін айтып, мәселе көтеруде. Сонда мал көбейіп жатыр ма, әлде жер тарылып бара ма?

Қ.Абасов: Бұл жерде сіз айтып отырған мәселенің екеуі де бар. Еліміз Тәуелсіздік алғалы бері халық саны да көбейді. Әсіресе, ең жоғарғы өсім біздің оңтүстік өңірде. Сіз айтып отырған Сарыағаш, Қазығұрт, Келес аудандары – халық саны ең тығыз аудандар. Адам саны көбеюімен қатар, тұрғындар мал басын жылдан жылға өсіріп отыр. Сондықтан жайылым мәселесі күннен күнге шиеленісіп барады. Теледидар мен баспасөзден көрген Қазығұрт ауданында «Қарабау» мал шаруашылығының жағдайын біз ауыл шаруашылығы министрлігіне жеткіздік. Министр мырза «бұл мәселе менің жеке қадағалауымда» деді.

Қазір жайылымдық жерге байланысты заңға жаңа көзгерістер енгізіліп жатыр. Соның бірі – ауыл маңындағы жерді мемлекетке қайтарып, халықтың игілігіне айналдыру. Бұл мәселе шешілу үстінде. Жуық арада сіздің сұрақтарға нақты жауап болады.

Jas qazaq: Жерді сатуға, жалдауға 5 жылға дейін мораторий жарияланды. Бұдан бұрын да 5 жыл бойы мораториймен тұрған-ды. Бірақ, өзіміз айтқандай, ауыл-аймақтарда жыл сайын қоршалып жатқан жер көбейіп барады. Бұл қалай? Әлде жергілікті әкім-шенеуніктердің жерді пәлен мың гектарлап емес, шағындап «кесіп-кертіп» сатуға құқығы бар ма?

Қ.Абасов: Ол бәлкім, мораторийге дейін берілген жер болуы мүмкін. Өйткені мораторий кезінде жер берілген жоқ. Кертіп беру деген әңгіме жоқ. Қазір жаңа заң қабылданды. Тұжырымлама бірінші оқылымда мақұлданды. Ауыл-аймақтың маңындағы жер мемлекетке қайтарылады және қоғамдық жайылым болып есептеледі. Одан бөлек, жаңа жер комиссиясы құрылып, соның күзіретіне беріледі. Кейін қайтарылған жерлерге шыққан шығыны өтеледі (яғни, суландыру, электрлендіру және т.б.).

Jas qazaq: Жер дегеннен шығады, мал бағуға жайылым, егін салуға жер таппай отырған шаруа көп қазір. Кез келген ауылға барсаңыз, тең жартысының бірінші сұрағы осы. Ақшасы жоқ, бірақ адал еңбек етуге ниеттеніп отырған мұндай шаруалардың арманы қашан, қалай орындалады?

(Жалғасы 3-бетте)

МЕРЕЙ

ҚАНЖЫҒАДА – 8 АЛТЫН!

Дубайда бокстан өткен Азия чемпионатында қыздарымыз қарсыластарын бет қаратпай жеңіп, құрлық үздігі атанды.



Ерік Алғабек жаттықтыратын жерлестеріміз Азия біріншілігінде 8 алтын, 1 күміс және 1 қола медальға қол жеткізді. Алуа Балқыбекова (48 келі), Назым Қызайбай (51 келі), Дина Жоламан (54 келі), Римма Волосенко (60 келі), Милана Сафронова (64 келі), Валентина Хальзова (69 келі), Фариза Шолтай (81 келі) және Ләззат Күнгебайева (+81 келі) чемпион атанды. Владислава Кухта (57 келі) күміс, ал Марина Вольнова (75 келі) қола медальді місе тұтты.

Осылайша қыздарымыз чемпионаттағы бірінші орын алды.



БИРЖАМЕТР



МҮНАЙ (brent)
71,24



DOLLAR
427,5



EURO
523,2



RUBLE
5,82



ТАҒЫМ

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның төрағасы Қырымбек Көшербаев бастаған Мемлекеттік комиссия мүшелері «Отан сатқындары әйелдерінің Ақмола лагері» (АЛЖИР) мұражай-мемориалдық кешенін еске алу қабырғасына гүл шоқтарын қойды.

Рәсімге қатысушылар саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын бір минут үнсіздікпен еске алды.



Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын бір минут үнсіздікпен Премьер-Министрдің орынбасары Е.Тоғжанов, ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Д.Абаев, «Nur Otan» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Б.Байбек, Ақмола облысының әкімі Е.Маржықпаев еске алды.

Мұражай-мемориалдық кешенді аралау барысында Қ.Көшербаев мұражайдың ғылыми-іздістелу және экспедициялық жұмысына ерекше назар аударып, әйгілі АЛЖИР лагерінің тұтқындарын ақтау Мемлекеттік комиссияның республика аумағындағы лагерлерде болған жазықсыз қуғын-сүргінге ұшырағандарды, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерін актаумен айналысатын жұмыс топтарының бірінің міндетіне кіретінін атап өтті.

Мемлекеттік хатшы атап өткендей, Президент Қ.Тоқаевтың бастамасымен құрылған мемлекеттік комиссияның қызметі тарихты зерделеу мен архивтік зерттеулер жүргізу жөніндегі кешенді жұмыстың негізінде жүзеге асырылады. Мемлекеттік комиссияның қызметін ұйымдастыру шеңберінде жобалық кеңсе, екі кіші комиссия, 11 жұмыс тобы және 17 өңірлік комиссия құрылып, жұмыс істеуде.

Жұмыс топтары мен өңірлік комиссиялардың ғалымдары және сарапшылары жабық архив

материалдарына рұқсат алып, белсенді зерттеу жұмысына кірісті. Оның тиімділігін қамтамасыз ету үшін базалық



ТАРИХИ ӘДІЛЕТТІЛІКТІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ – ҰРПАҚ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК



әдіснама бекітілді. Жұмыс топтарының тақырыптық жоспарлары қалыптастырылды. Жергілікті жерлерде архив құжаттарын іздеу және зерделеу мәселелері бойынша кездесулер өткізіледі.

Өз сөзін қорытындылай келе, Қырымбек Көшербаев мемлекеттік комиссияның қызметі, ең алдымен, жазықсыз зардап шеккен саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын мәңгі есте қалдыру және тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жөніндегі үлкен тарихи миссия және алдыңғы және болашақ ұрпақтар алдындағы жауапкершілік екенін тағы да еске салды.

Талап ТІЛЕГЕН

Әлеумет.t⁰



DROP IN

Асылы, бұл дипломатияда кездесетін термин. Белгілі бір себеппен саяси тұлғамен тікелей кездесу мүмкін болмайтын жағдайда осы тәсілді қолданады. Лауазымды тұлғалар дәлізде не есік аузында «кездейсоқ» ұшырасып қалады. Содан кейін бейресми түрде әңгіме басталып кетеді.

Ағылшынның осы тіркесі «тамшылап сіңу» деген мағынаны да білдіреді. Топыраққа емес. Санаға азғындық пен жиіркенішті әдетті мысқалдап сіңіру арқылы елді іштей іріту. Құш қолдану немесе түрлі-түсті төңкерістен түк шықпайтынын сезген Батыс енді осындай сұмпайы әдіске жүгіне бастады. Ресейде оған дереу тойтарыс берілді. Занда отбасының тек еркек пен әйелдің ерікті одағынан ғана құралатыны анық жазылды. Осылайша, бұл елде бір жыныстылардың некесіне тыйым салынды. ЛГБТ туын ілуге де рұқсат жоқ. Тауы шағылған Батыс ендігі жерде өзге өңірлерде белсенді. Гендерлік саясат пен адам құқығын қорғауды алға тартып, қазақтың болмысына мүлде жат қылықты қазақтың өз қолымен тықпалауға көшті. Бұл ата-баба салтын қастерлеп, құрметтейтін тұрғындардың ашу-ызасын туғызып отыр. Соның бірі, қарағандылық Теңіз Сейіткәрім базарға келген трансгендерге қатысты көзқарасын былай білдірді: «Кеше ұл ма, қыз ба, енді айту қиын. «Алтын арбаға» келіпті. Мұнда бала-шағамыз жүреді. Қаншама қазақтың баласы жүр мұнда. Бізге жат қылық бұл. Жаланаш, ашық-шашық жүреді. «Алтын арбадан» шығарып жіберуге тырыстық». Ал жынысын ауыстырып, азаматшаға айналған Виктория «менің жеке құқығымды таптамасын» дейді.

Бұл күні кеше Арқада болған оқиға. Мұның алдында феминистер қазақтың қаймағы бұзылмаған, дін мен ділге, салт-дәстүрге берік Шымкентке барып, жергілікті қыздарды дәмханаға шақырып, үгіт-насихатын жүргізген. Біреуі тіпті полиция қызметкерінің поғонын жұлып алыпты. Қала тұрғыны Аманғали Әбдіразак: «Сол жердегі қыздардың арасында көмелетке толмағандар да бар. Аялдамада екі қыз сүйісіп тұр. «Қыз бен қыз үйлену керек» дейді. Бұл не сұмдық?» – деп күйінеді.

Намыской қазақ жігіттері мұндай сорақылыққа қарсы екенін білдіріп, феминистерді жазаға тартуды талап етті. Жергілікті полиция департаментіне жолданған арыз-шағымға бір күннің ішінде 3 мыңнан астам қол қойған.

Америкада тәртіп сақшысына қол көтеру былай тұрсын, жұдырығын ала жүгіргенді атып салуы мүмкін. Заң қызметтегі міндетін атқарып жүрген полицияны қорғайды. Ал Шымкентте погон жұлған бойжеткен жауапқа тартыла ма? Әлде камера алдында кешірім сұрап құтылып кетеді ме?

Өнер қайраткері Ғалымжан Құрманбек феминистердің Шымкенттегі әрекетін қазаққа, әлемге келген ылаң деп бағалады. Шынында да: **Ұлтының ділі мен дінін мансұқтап, ақшаға сатқызып қоятын, қазаққа жоқ кеселді қазаққа тапқызып қоятын, ағайынның жанды жерін тауып, бір-біріне қапқызып қоятын, салт-дәстүрін тулақ қып, жан-жаққа тартқызып қоятын** сайқал саясат, әзәзіл мүлде төніп тұр!

Мемлекеттің идеологиялық тұжырымдамасы ұлттың қауіпсіздігіне қатер төндіретін мұндай ылаңға қарсы күресті көздейтін іс-қимылды қамтуы тиіс, біздіңше.



Срайыл СМАЙЫЛ

Аптаның айтары



«БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДА ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЖАҢА ОҚИҒАЛАР ЖАРИЯЛАНЫП КЕЛЕДІ. СОҢҒЫ ҮШ ЖЫЛДА КЕЛТІРІЛГЕН ШЫҒЫН СОМАСЫ

ОНДАҒАН МИЛЛИАРД ТЕҢГЕ. ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНЫҢ ЖАРНАМАСЫНА БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСУШЫЛАР (БЛОГЕРЛЕР МЕН БАЙНЕРЛЕР) ХАЛЫҚҚА ЖОҒАРЫ ТАБЫС УӘДЕ ЕТТІ. ҚАЗІР БҰЛА ТАНЫМАЛ АДАМДАР ӨЗДЕРІ ДЕ АҚША САЛЫП, АЛДАНЫП ҚАЛҒАНДАРЫН, СОНДАЙ-АҚ ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРЫ ТАРАПЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕНІН АЙТЫП ЖАТЫР. ДЕГЕНМЕН ФАКТИ БАР, ЖАРНАМА РОЛИКТЕРІНДЕ КАДРЛАР САҚТАЛҒАН. СОНДЫҚТАН ЖАРНАМАНЫ ЖАСАҒАН ТАНЫМАЛ АДАМДАРДЫ ӨКІМШІЛІК ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТУ КЕРЕК».

Юрий ЛИ,
Мәжіліс депутаты



Инфографика

АЖЫРАСУ АЗАЙДЫ

2020 жылы 128,8 мың неке тіркелді

48 мың жұп ажырасқан



Қалада



88,8 мың



34,4 мың



Ауылда



40,1 мың



13,6 мың

Дереккөзі: Ұлттық статистика бюросы

Аптаның жанайқайы

Артур ПЛАТОНОВ, Мәжіліс депутаты:

«Шарындағы қайғылы оқиға қыз бала мен мұғалімнің өмірін жалмады. Мемлекеттік органдар іс-қимылын үйлестіре алмай, жауапкершілікті бір-біріне – мектепке, ата-аналарға, түрфирмаға ысырып жатқанда, балаларымыз қорғансыз. Цифрландыру бар, байланыс жоқ! Табиғаты көркем, әлемге танымал орында төтенше жағдай туралы хабарлай алмайсың. Мұндайда әр секунд қымбат емес пе? Бұл барып тұрған жауапсыздық! Сондай-ақ Түркістан облысында екі студент мерт болды. Екеуін өлі іздестіріп жатыр. Мұнда да сол жағдай, байланыс жоқ»



Нұрлан НЫҒМАТУЛИН, Мәжіліс төрағасы:

«Ең бастысы, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді жалға беру заңмен бекітілді. Осы мәселеге қатысты қоғамда әр түрлі пікір, әртүрлі ой айтылды. Енді жерді жекеменшікке беру бес жылға тоқтатылады. Заң жобасы жеке мал жаяуға қажет жайылым тапшылығын шешуге де ықпал етеді».



Айдарбек САПАРОВ,
Ауыл шаруашылығы вице-министрі:

«Жаңа ереже бойынша алдағы уақытта жерді пайдалану мен қорғау тәртібі – Республика – облыс – аудан» қағидатымен құрылмақ. 2014 жылы өкімдіктерге тапсырылған 250 маман бізге қайтып келеді. Менің ойымша, жердің дұрыс бөлінін бақылауға осыныша кадр жеткілікті. Тек жұмысты дұрыс ұйымдастыра білу керек. Біз өзімізде өлі функциялық таңдау жүргіземіз. Бәлкім министрліктің ішкі резерві есебінен жер инспекторларының санын көбейтеміз».

(Басы 1-бетте)

Ол: «Бірінші есеп бойынша 7 мың 520 тонна шөп қажет етіп отырмыз. Аудандағы мал басына есептегенде. Көршілес Ақтөбе облысының Ырғыз ауданы, Сырдария, Жалағаш Кармакшы аудандарымен келіссөз жүргізіп жатырмыз», — дейді.

тұқымын сеуіпті. Оның біреуі ерте көктемде: наурыз бен сәуірде өссе, тағы бірнеше түрі мамыр мен маусымда шығады. Қалғандары шілде мен тамызда тамыр тартып, қыркүйек пен қазанда, қарашада піседі. А.Садырбаев еккен шөптің арасында шөлді-қуаң жерге де өсетін тұқым бар. Ата-бабамыз мыңғыртып мал баққан деп мақтана бермей, біздің шаруаларға да осындай

МАЛ ҚЫРЫЛЫП, ҚУАҢШЫЛЫҚ ҚЫСЫП БАРАДЫ



Фотос: facebook

ҚОРЫТА АЙТҚАНДА

Қуаңшылық — жыл сайын болатын табиғи апат. Одан құтыла алмаймыз. Сондықтан апаттың салдарымен емес, себебімен күресу керек. Дамыған елдерде солай. Мысалы, Қазақстан қой шаруашылығы қауымдастығының басшысы Алмасбек Садырбаев дамыған елдердің тәжірибесін әкеліп, өзінің шаруашылығында қолданып жүр. Кәсіпкер жеріне 12 түрлі шөптің

өсімдік тұқымдарын әкеліп, табиғи апаттан шығатын жол іздеу керек. Мысалы, құм ортасындағы араб елдерінде шаруалар тұшы суда өсетін шөп тұқымдарын егіп, мал ұстайды. Еуропада жер аз. Бірақ олар да мал өсірудің алуан түрлі амалын ойластырған. Біздің мал ғана қыста қара суық пен қалың қардан, жазда аптап ыстық пен шөлден, қуаңшылықтан жұтап жатады.

Жарас КЕМЕЛЖАН

АУЫЛ ӘКІМДІ ӨЗІ САЙЛАЙДЫ

Биылдан бастап ауыл әкімдерін сайлау арқылы тағайындау жүзеге асады. Халық пен билік арасындағы алшақтықты жақындату мақсатында қолға алынатын бұл сайлаудың нәтижелі болуы көп жәйтке өсер етпек. Бәрі оңтайлы орындалса, көзең-көзеңімен аудан, қала, облыс әкімдерін жергілікті мәслихат депутаттарының дауыс беру жолымен емес, халықтың талқысына салып бекіту жүйесі іске қосылады.

Осыған байланысты біз «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ Өңірлік зерттеулер орталығы директорының орынбасары Нұрболат Құрметұлына бірер сауалымызды қойдық.



Жас qazaq: Биылдан бастап ауыл әкімдерін сайлау арқылы тағайындайды. Бұдан не ұтамыз? Осының өзі расымен де халық пен билікті жақындастыра ма?

Нұрболат Құрметұлы: Президент Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы Жолдауында «Сайлау қоғамды демократияландырудың маңызды институты, халықтың ерік білдіруінің көрінісі, оның мемлекеттік басқаруға қатысуының негізгі нысанының бірі» екенін айтып, әкімдерді тағайындау жолымен емес, халық талқысымен тікелей сайлау арқылы бекіту жауапкершілікті жүктейтінін жеткізді.

Расында да, әкімдерді сайлау арқылы таңдап, тағайындаған соң бұрынғыдай «бармақ басты, көз қыстылық» біртіндеп азаяды деп санаймын. Әкім де өзінің иығындағы жауапкершілікті сезінеді. Бұған дейін ауыл әкімдерін жергілікті мәслихат депутаттары дауыс беру арқылы ұсынып келсе, енді сайлау арқылы лауазымға жетеді. Сондықтан да өзін осы дәрежеге жеткізген халықтың сайлаудағы қолдауы екенін сезінгендіктен де әкімдер жұмысына жауапкершілікпен қарайды.

Жас qazaq: Ауыл әкімі болу үшін кез-келген адам кандидатурасын ұсына ала ма?

Нұрболат Құрметұлы: Кез келген адам болғанда сол ауылда соңғы үш жылда тұрғылықты мекен етуі керек. Мемлекеттік қызметте соңғы екі жылда басшылық лауазымды атқарып, тәжірибе жинауы тиіс деген де шарты бар. Тек мемлекеттік қызметте ғана емес, жеке кәсіпкерлікте, болмаса мектепте, медициналық мекемеде басшы болып істеген адамдар да кандидатурасын ұсына алады. Жасы 25-тен асқан, жоғары білімді болуы керек. Әкімдерді сайлаудың тағы бір ерекшелігі туралы айтайын. Бұған дейін әкімдер тағайындалып келгендіктен халықтың наразылығынан, қарсылығынан кейін «жұмысымнан айырыламын-ау» деп онша ыға қоймайтын. Өйткені жергілікті мәслихаттың жанама әдісімен сайлап, аудан әкімі бекітетіндіктен, сол жаққа сүйкімі кетпесе болды. Ал енді халық сайлағаннан кейін бұқараға ұнамаған әкімнің әрекетіне кез-келген уақытта қарсы екенін жазып, қызметінен кетіре алады. Өйткені өздері сайлап отыр.

Жазып алған
Нұрдан КӨШЕК

(Басы 1-бетте)

Қ.Абасов: «Нұр Отан» партиясының сайлауалды бағдарламасының қағидаларына келсек, мәселені шешудің тереңіне үнілеміз. Бүгінгі өзекті мәселе — суармалы жерді көбейту, яғни бес жыл ішінде 600 мың гектар жерді қосу. Ол дегеніміз не? Шаруаларға неге жер жетпей қалды? Біріншіден, біраз суармалы жер айналымнан шығып қалды, жердің құнарлылығы төмендеді, ирригациялық жүйелердің тозығы жетті. Бұл жерде су жок, құнарлылық жок. Шаруа ондай жерге барғысы келмейді. Сондықтан 600 мың гектар суармалы жер қосылатын болса, сұранысты қанағаттандыруға болады.

Одан бөлек айта кететіні, өзгерістердің ішіндегі екінші мәселе — жер пайдалану құқығы. Жерді мемлекеттен сатып алмай әрі қарай пайдалануға беру. Мысалы, сіз жерді иеленіп отырсыз, бірақ пайдаға жаратпадыңыз. Сіз сол жерді пайдаланамын деген адамға бере аласыз. Бұл норма «Жер қатынастары туралы» заңның өзгерістерінде қабылданып отыр.

Жас qazaq: Қарапайым мысал келтірейін. Алматы облысының

Қайнар АБАСОВ:

600 МЫҢ ГЕКТАР ЖЕР ШАРУАҒА ҚАЙТАРЫЛАДЫ



Бұл проблеманы толыққанды шешу үшін министрліктің мәлімдемесіне сәйкес Ұлттық жоба дайындалып жатыр.

Жас qazaq: Маңғыстау облысындағы су мәселесін айттыңыз. Маңғыстауда жылқы мен сиыр аштықтан қырылып жатыр. Қызылорда да солай. Қыста болса, әңгіме басқа. Ал маусым басталмай жатып малдың аштан қатуын жүт дейміз бе, не дейміз?

Қ.Абасов: Күні кеше ғана біздің әріптестеріміз Маңғыстау облысына аттанды. Олардың айтуы бойынша, шұғыл түрде шара қолдану қажет. Қазіргі апатты аймақ

жылқы өсіруге қолайлы ма, жоқ па? Ол жағы да жан-жақты зерттелуі тиіс. Бұл жерде ауыл шаруашылығы министрлігі мен экология министрлігі бірігіп онтайлы шешім шығаруы тиіс. Басқа аймақтардан шөп сатып алып, халықты қиындықтан шығару керек.

Жас qazaq: Жыл сайын оңтүстіктегі кейбір ауылдың шаруалары еккен өнімі шығынды ақтай алмай, қарызға белшеден батып жатады. Мысалы, былтыр Ресейге қырыққабатты жеткізе алмай, алқап басында малға берді. Оның алдында қауын-қарбызды да өз бағасына сата алмай тақырға отырып қалған. Мақтамыз шетелге тансық емес. Шетелге сата алмасақ, кім кінәлі: келісімшарт жасасқан үкімет пе, әлде кетпенін көтерген шаруа ма?

Қ.Абасов: Бұл мәселенің тамыры тереңде. Ол үшін қаржыландыру мәселесі, сараптама мәселесі, салқындатып, өңдеп, қорапта сақтайтын логистикалық орталық мәселесін шешу қажет.

Бүгінде шаруаның алатын несиесі қымбат әрі қысқа мерзімге беріледі. Көктемде алса, күзде жабуы керек. Несиесін жабу үшін ол өнімін алқаптың басынан арзан сатуға мәжбүр. Кейде зиян шексе де, ол несиесін уақытында жабуы керек. Егер біз шаруаға ұзақ мерзімге несие берсек, логистикалық орталықта экспортқа шығаратын мемлекеттердің талаптарына сай өнімді өңдеп, қораптап, сараптап берсек, шаруаның еңбегі ақталар еді. Мысалы, Ресей, Еуропа, Түркия, Иран сынды мемлекеттердің стандартына сай болады.

Бүгінгі күні біздің сыртқа шығаратын өнімдер Еуропа стандартының ережелеріне сәйкес келмейді. Сондықтан жоғарыда айтылған сараптамалық мүмкіндіктердің барлығы біздің логистикалық орталықтарда болуы тиіс. Осы мәселелерді шешкен жағдайда сыртқы нарық бізге есігін ашады. Ресейге ғана емес, Еуропа елдеріне өнім сата алатын боламыз.

Жас qazaq: Мақталан жіп иіретін, мата тоқитын кәсіпорын, көкөністі өңдеп, дайын өнім шығартын шағын цехтар ашу, ет пен сүтті өңдеу мәселесі бізде неге кемшін? Әйтпесе, диканның қиналып өсірген өнімі шетке арзанға кетіп жатыр ғой.

Қ.Абасов: Сіз айтып отырған мақта, жүн, тері жеңіл өнеркәсіп өнімі ме, әлде ауыл шаруашылығы өнімі ме, алдымен осының аражігін ажыратып алғанымыз жөн. Өйткені бұл өнімді өндірушілерге екі жақтан да мемлекет тарапынан қажетті қолдау жеткіліксіз болып отыр. Қазір үстіміздегі киімді тек мақта мен жүннен өндіру мүмкін емес. Синтетикалық құрамсыз текстиль өндірісінің саналуандылығына жете алмаймыз. Сондықтан бір жағында мақта, жүн өңдейтін өнеркәсіп тұрса, екінші жағында синтетикалық жіп өндіретін кәсіпорын болуы керек. Ал оны тұтынып, терен өңдеп, дайын өнім шығаратын нарыққа бейім шағын және орта кәсіпорындарды дамыту керек.

Өйткені бізде ішкі тұтынушының саны өте аз. Ол халық санына байланысты. Мысалы, жеңіл өнеркәсіп тауарын өндіруші мемлекеттер — Өзбекстанның 30 млн., Ресейдің 150 млн., ал Қытай мен

Үндістанның 3 млрд халқы бар. Демек ішкі тұтыну сұранысы көп. Сондықтан біздің өндіріс экспортқа бағытталуы керек. Бангладеш, Түркия, Вьетнам, Тайвань секілді. Ол мемлекеттерде жеңіл өнеркәсіп өндірушілерінің басым көпшілігі шағын және орта кәсіпорындар.

Жас qazaq: Алматы облысының әкімі Амандық Баталов диқандарға несиені екі-үшке бөліп береді екен. Тұқым сепкенде бірінші бөлігін, дәрі сепкенде екінші бөлігін, орақ кезінде қалғанын береді. Басқа өңірден мұндай бақылауды естімедік. Субсидия, несие болсын, мемлекеттің әрбір тиынына бақылау болу керек қой?

Қ.Абасов: Амандық Баталовтың бастамасын әр өңірде қолдануға болады. Бірақ өңірлердің өзіне тән қасиеті бар. Сондықтан бұл тәжірибені бәріне жасау қиын. Қадағалау керек, өрине. Бірақ қадағалау үшін де ол жақта ресурс болуы керек қой. Адами факторды болдырмау үшін ауыл шаруашылығы саласын түгелдей цифрландыру қажет. Ауыл шаруашылығын қолдау инструменттерін, мал есебін, ауыл шаруашылығы техникасы есебін толығымен цифрландыру керек. Сонда бөлінген ақша тиісті жеріне жетіп,

БҮГІНДЕ ШАРУАНЫҢ АЛАТЫН НЕСИЕСІ ҚЫМБАТ ӘРІ ҚЫСҚА МЕРЗІМГЕ БЕРІЛЕДІ. КӨКТЕМДЕ АЛСА, КҮЗДЕ ЖАБУЫ КЕРЕК. НЕСИЕСІН ЖАБУ ҮШІН ОЛ ӨНІМІН АЛҚАПТЫҢ БАСЫНАН АРЗАН САТУҒА МӘЖБҮР. КЕЙДЕ ЗИЯН ШЕКСЕ ДЕ, ОЛ НЕСИЕСІН УАҚЫТЫНДА ЖАБУЫ КЕРЕК. ЕГЕР БІЗ ШАРУАҒА ҰЗАҚ МЕРЗІМГЕ НЕСИЕ БЕРСЕК, ЛОГИСТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҚТА ЭКСПОРТҚА ШЫҒАРАТЫН МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫНА САЙ ӨНІМДІ ӨНДЕП, ҚОРАПАП, САРАПТАП БЕРСЕК, ШАРУАНЫҢ ЕҢБЕГІ АҚТАЛАР ЕДІ.

субсидия, мемлекет тарапынан қолдауға жұмсалған қаражат ұстағанның қолында кетпейді.

Жас qazaq: Адами фактор дегініз ғой. Адамнан айла артылмайды қазір. Кей өңірде қорасында тышқақ лағы жоқ, өзі әкімдікте қызмет ететін пысықтар қағаз жүзінде қоралы қойға, табын-табын сиырға субсидия алады. Сосын мал шаруашылығын дамытуға арналған қордан берілетін несиелер де «бармақ басты көз қыстымен» берілетіні күпия емес. Осындай зансыздықтарды қалай азайтуға болады?

Қ.Абасов: Мәселе бойына құзыретті органдарды хабардар ету керек. Ал мәселе көтерілгеннен кейін құзыретті органдар тиісті шара қолдана алады.

Бұл мәселе де мал есебін цифрландыру арқылы шешіледі.

Жас qazaq: Қайнар мырза, сіз Мәжілісте аграрлық мәселелер комитетінің мүшесісіз. Қазір Парламентте ауыл шаруашылығына қатысты халыққа тиімді қандай заңдар дайындала, шешімін таппай келе жатқан қандай шаруаны қолға алып жатырсыздар?

Қ.Абасов: Бұл мәселе бойынша 2017-2021 жылдары ауыл шаруашылығын дамытуға арналған бағдарлама өз мәресіне жетті. Күні кеше ауыл шаруашылығы министрі және орынбасарлары Мәжіліске келіп, ауыл шаруашылығын дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған бағдарламасының тұсаукесерін өткізді. Бұл бағдарлама бойынша 5 трлн теңгеге жуық қаражат қарастырылып отыр. Ол бірнеше бағыт бойынша жүзеге асатын болады. Бағдарлама ірі инвестициялық жобалармен қатар, шағын жанұялық фермерлік қожалықтарды дамытуды қамтыған.

Биыл шаруалардың мәселесі басты назарда тұр. Қолына құрық ұстап мал айдаған немесе кетпен көтеріп жер өңдеген шаруа болсын, осы бағдарламалардың игілігін көреді деп ойлаймын.

Жас qazaq: Әңгіменізге рақмет!

Жарас КЕМЕЛЖАН





Жас келсе – іске

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауындағы бұқаралық спортты дамытуға бағытталған кешенді бағдарламасын жүзеге асыру тапсырмасына сәйкес, Шымкент қаласы әкімдігінің қолдауымен алғаш рет жастардың арасында «Шымкент жастар лигасы» жобасы ұйымдастырылған еді. Биылғы жылдың 1 наурызында басталған («Футбол», «Волейбол», «Баскетбол») және интеллектуалдық («Шахмат») спорт ойындарының финалдық кездесулер тартысты өтті.

Жуырда Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары Шыңғыс Мұқан аудандық деңгейдегі іріктеу ойындарынан ширек финалға жолдама алған команда капитандарымен кездесті. Жеңімпаздарды құттықтап, сәттілік тіледі. Шыңғыс Мұқан: «Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында қала әкімі Мұрат Әйтеновтің қолдауымен «Шымкент жастар лигасы» өтуде. Айтулы жобалар биыл алғаш рет ұйымдастырылуда. Кез келген іске уақыт пен үлкен жігер керек. Ал спорт — жастарды шыңдайтын тәсіл. Салауатты өмірді насихаттау мақсатындағы бұл шараның маңызы зор», — деді.

Айта кетейік, лига 2 кезенді камтиды. Бірінші кезең 1 наурызда волейбол, баскетбол, футбол бойынша өтсе, 2-ші кезең — қыркүйек, қараша айларында шахмат жарысы өтеді.

Мұнан бөлек, командалардың ойын кестесі бекітілді. Сондай-ақ Instagram әлеуметтік желісінде @shymkent_jastar_league парақшасы іске қосылып, бұл парақшада турнир бойынша ақпарат тұрақты түрде жарияланып келеді.

Баскетбол, волейбол ойындарынан ширек финалға 16 волейбол, 16 баскетбол командалары іріктелді.

Жастардың бастамасымен Қажымұқан атындағы Орталық стадионның аумағында волейболдан 1/4 финал ойынына 8 команда шықты. Оның ішінде А.Байтұрсынов атындағы №50 мектеп-гимназиясы, З.Космодемьянская атындағы №23 мектеп-лицейі, Әл Фараби атындағы №113 жалпы орта мектебі, Т.Рысқұлов атындағы №25 мектеп-гимназиясы, №78 жалпы орта мектебі, Ж.Аймауытов атындағы №64 мектеп-гимназиясы, №94 жалпы орта мектебі, №131 жалпы орта мектебі бар.

Додаға Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Мақсұт Исахов, Шымкент қаласы білім басқармасының басшысы Жанат Тәжиева қатысып, командаларға сәттілік тіледі.

Мақсұт Исахов, қала әкімінің орынбасары: «Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауындағы бұқаралық спортты дамытуға бағытталған тапсырмасына орай және Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы аясында биыл алғаш рет «Шымкент жастар лигасы» өтіп жатыр. Бұл — жастарды бірлік пен бәсекеге шақыратын сайыс. Жобаға жастардың болашағын ойлайтын азаматтар демеушілік көрсетіп отыр. Бір ғана волейбол сайысына 131 мектептен 1572 жас қатысып, одан 16 команда — 192 жас ширек финалға қатысты. Барлық қатысушыларға сәттілік тілейміз», — деді.

Тартысты сайыс №64 және №113 мектептер арасында өтті. Нәтижесінде №64 мектептің оқушылары жеңіске жетті. Екінші орынды №113 мектеп, үшінші орынды №50 мектеп еншіледі.

Ал шахматтан финалдық ойындарының қорытындысы бойынша А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназия шәкірттері жеңімпаз атанды. №9 мектеп-лицей 2, №23 мектеп 3 орынды иеленді.

Қала әкімі М.Әйтенов: «Шахмат — әлемдегі кең таралған ойындардың бірі саналады. Шахмат адамның есте сақтау қабілетін жақсартып, қиын сұрақтарды шешіп, күрделі идеяларды ойлап табуға септігін тигізеді. Шахмат ойынынан Шымкент қаласында да жеңісті дәстүр

бар. Көптеген халықаралық додаларда Әнұранымызды шырқата білген алғашқы гроссмейстер Гүлісхан Нахбаева және Жансая Әбдімәлік — Шымкент қаласының тумасы. Осы оқу жылында Қазақстанда тұңғыш рет Шымкент мектептерінде шахмат ойыны енгізілді. Сіздерге шахмат спортына қызығушылық танытқандарыңыз үшін алғысымды білдіремін және жаңа табыстар тілеймін», — деді

Баскетболдан финалдық ойындары өтіп, чемпиондар анықталды.

Ойынның қорытындысы бойынша №28 жалпы орта білім беретін мектебі 3-орын, №9 Ө.А.Жолдасбеков атындағы ІТ лицейі 2-орын, 1-орынды №8 М.Х.Дулати атындағы үш тілде оқытатын мамандандырылған гимназия қанжығаларына байлады.

Наурыз айында бастау алған лига қорытындысы жарияланып, қала әкімі

мактанышпен айтатын жобаның бірі деп есептеймін. Жеңістеріңіз құтты болсын, әрдайым алда болыңыздар, жас достар», — деді.

Атап айтсақ, қыздар арасында волейбол ойынынан жеңіске жеткен Ж.Аймауытов атындағы №64 мектеп-гимназиясы 20 млн теңгелік қаржылай сыйлыққа ие болды. Ал Әл Фараби атындағы №113 жалпы орта мектебінің құрама командасы екінші орын алса, А.Байтұрсынов атындағы №50 мектеп-гимназиясы үшінші орыннан көрінді.

Сонымен қатар баскетболдан үздік нәтиже көрсетіп, долада жеңіске жеткен командалар да марапаттан шет қалмады. Жобаның бірінші кезеңінде М.Х.Дулати атындағы үш тілде оқытатын №8 мамандандырылған мектеп-гимназиясы үздік атанды. Команда ойыншыларына 20 млн теңгенің сертификаты табысталды.

Ал екінші орын Ө.А.Жолдасбеков атындағы №9 ІТ-лицей мектебінің еншісінде. Үшінші орынға №28 жалпы орта білім беретін мектебінің құрама командасы жайғасты. Жұлдегер ойыншылар дипломдармен марапатталды.

«Мен өз жеңісімді мектебіме арнаймын!». Жеңімпаз команда

ғылыми жобалардың жеңімпаздары. Ашық аспан астындағы жиында қала әкімі құттықтау сөз сөйлеп, балалармен еркін форматта сұхбаттасты.

Шымкентте Тәуелсіздік жылдарына дейін 51 балабақша, 68 орта мектеп болса, қазір балабақша — 526, мектеп саны 186-ға жетті. Отыз жылда 68 мыңнан астам орындық 98 заманауи үлгідегі білім ошағы салынып, 85 пайызына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Сөйтіп үш ауысымды, апатты мектептердің өзекті мәселелері оң шешімін табуда. Сонымен бірге осы жылдары дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын мектептер, Назарбаев Зияткерлік мектептер желісі құрылды.

Қала әкімі жас өрендерге артылар сенімнің зор екендігін атап өтіп, өзінің балалық естеліктерімен бөлісті.

«Біздер өздеріне сапалы білім, саналы тәрбие беру үшін барлық жағдайды жасап келеміз. Қалада жыл сайын бала саны артуымен салынып жатқан мектептердің үлесін көбейттік. Еліміздегі кез келген сәби мемлекет қорғауында. Білімді, өнерлі адам қашанда өз жолын адаспай табады. Жазғы демалыстарын қызықты өтсін», — деп тілек білдірді шаһар басшысы.



Мұрат Әйтенов шахмат ойынының жеңімпаздарын марапаттап, жеңімпаз командаға 20 млн теңге табыс етті.

№87 МЕКТЕПКЕ – 20 МИЛЛИОН

Көптен күткен қуанышты сәт 1 маусым — Халықаралық балаларды қорғау күніне тұспа-тұс келді. Шымкенттегі Қажымұқан Мұнайпасов атындағы Орталық стадионында үш айға созылған «Шымкент жастар лигасы» атты спорттық сайыстың бірінші кезеңі аяқталды.

Спорттық шараға арнайы келген Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов футболдан №58 жалпы орта білім беретін мектебі мен А.Назарбеков атындағы №87 жалпы орта білім беретін мектебінің арасында өткен шешуші ойынды тамашалады.

Финалда тартысты ойын көрсеткен А.Назарбеков атындағы №87 жалпы орта білім беретін мектебінің командасы 1:0 есебімен жеңіске жетті. Жеңімпаз команданы қала әкімінің өзі құттықтап, 20 миллион теңгенің сертификатын табыстады.

Ал екінші орын №58 жалпы орта білім беретін мектебінің еншісінде. Үздік үштікті №3 Ұлықбек атындағы жалпы орта мектебі қорытындылады.

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай қала әкімі М. Әйтеновтің бастамасымен алғаш рет өткізілген спорттық доданың басқа да жеңімпаз командаларын шаһар басшысы марапаттап, аталған жобаның маңызына тоқталып өтті.

М. Әйтенов: «Бұл жоба қала жастарының бастамасымен іске асып, 3 айдың ішінде қаламыздың үздік спортшыларын анықтады. Өздеріңізге белгілі, аталған жобаға барлық мектептерден командалар құрылған болатын. Олар волейбол, футбол, баскетбол және шахмат спорт түрлері. Сонымен қатар командалардың ойын кестесі бекітіліп, әр мектептен фан-клубтар құрылып нәтижесін беруде. Бұл өте ауқымды әрі

ойыншыларының жүзінен осы тақылеттес ойды оқу қиын болмады. Олар өзі білім алып жатқан алтын ұясына орасан пайда әкеліп отыр. Жұлдегер жастардың жастар лигасына қатысып, аса тартысты ойын көрсетіп, мандай термен қол жеткізген жеңісі арқылы отансүйгіш болып бой түзгендігі қуантады. Білімді болу — ау бастан басты талап, ал өнер мен спортты да қатар алып жүру, шаһар басшылығы айтқандай, асқан жігерлілік пен табандылықты қажет етеді. Иә, жеңімпаз командалардың мектебіне 20 миллион теңгеден аударылды. Бұл қаржы білім ошағының кем-кетігін түзеп, жыртығын жамауға жұмсалмақ.

«ТОРНАДО» КОМАНДАСЫ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

2021 жылдың 19-23 мамыр аралығында Петропавл қаласында шайбалы хоккейден 2008 жылғы жасөспірімдер арасындағы ҚР чемпионатының ІІ туры өткен болатын.

Аталған сында Шымкент қаласының №8 қысқы спорт



мектебінің шайбалы хоккей бөлімінің «Торнадо» командасы жеңімпаз атанды. Қазақстан хоккей федерациясы ұйымдастырған сайыста шымкенттік жасөспірімдер үздік нәтиже көрсетті.

Жарысқа «Торнадо» (*Шымкент*), «Бейбарыс» (*Атырау*), «Құлагер» (*Петропавл*), «Стрижи» (*Алматы*), «Олимп» (*Ақтөбе*) және «Молния» (*Ақсу қаласы*) командалары қатысқанын айта кеткен жөн.

ҚАЛА ӘКІМІ ҮЗДІК ОҚУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Үшінші мегаполисте 1 маусым — Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесі кең ауқымда аталып өтті. Мерекеге орай Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов деңдросаябақ алаңында халықаралық, республикалық олимпиадалар мен ғылыми, спорт, өнер жарыстарының жеңімпаздарымен кездесті. Оның ішінде 18 оқушы — жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада жүлдегері, 33 оқушы — жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық және республикалық

оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында қалалық кітапханалар да белсенділік танытуда. «Олардың дайындаған бағдарламалары арқасында әр оқырман өзінің жанына жақын әрі қажеттісін табады», — дейді ұйымдастырушылар.

Әлемі ән, сырлы сұхбат, балаларға базарлық та осы көрменде табылды. Жәрменкені қыздырып, сапалы кітаптарын оқырманға ұсынған кітапханалар мен баспа үйлерінің енбегі ескеріліп, Шымкент қаласы мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының арнайы алғыс хатымен марапатталды. Алдағы уақытта бұл жобаны дәстүрге айналдыру жоспарда бар.

«ДОНОР БОЛ, ӨЗГЕГЕ ӨМІР СЫЙЛА!»

1 маусым — Халықаралық балаларды қорғау күніне орай, қалалық кан орталығында «Донор бол, өзгеге өмір сыйла!» атты қан тапсыру шарасы өтті. Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында Біргеміз Saulyq жалпыұлттық жоба аясындағы шараны Шымкент қаласы ішкі саясат және жастар ісі жөніндегі басқармасының Жастар ресурстық орталығы ұйымдастырды.

Акцияның мақсаты — ұжымдық белсенділікті арттырып, қанға мұқтаж жандарға көмектесу. Акцияға қала тұрғындары, қалалық мәслихат депутаттары мен фракция мүшелері, жастар ұйымдары, жас блогерлер, спортшылар мен жоғары және арнаулы оқу орындарының студенттері қатысты. 200-ге жуық адам қан тапсырды. Донорлар тапсырған қан хирургиялық аурулар, гематологиялық, гинекологиялық ауруларға, ауыр жол апатына түскен науқастарға құйылады.

Ерлан Айтбаев, жастар ресурстық орталығының директоры: «Донорлық — өз қаныңды мұқтаж жанға сыйлау, оның өмірін құтқару. Игі істер аясында бастау алған акция 4 маусымға дейін жалғасады. Белсенді жастар мен әр саланың мамандары орталыққа келіп, қан тапсырып жатыр. Азаматтарды игі шараға қатысуға шақырамыз», — дейді.

Қалалық қан орталығының директоры Амангелді Нұрлыбаевтың айтуынша, кез келген адам қан тапсырмас үшін медициналық тексеруден өткізіледі. Қанындағы гемоглобин мөлшері төмен болса (*әйелдерде — 110 г/л, ерлерде — 120 г/л*), донор бола алмайды. Мұнан бөлек, ота жасатқандарға, тісін емдетіп жүлдіртқандарға, дәрі-дәрмек қабылдайтындарға, екіпе салдырғандарға донор болуға уақытша шектеу қойылады.



«ЖАСТАР ПРАКТИКАСЫ»

М.Өтебаев атындағы жоғары оқу орталығында колледжінде жас түлектерге «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының 3-ші бағыты «Жастар практикасы» бойынша ақпараттық-насихаттық кездесу ұйымдастырылды.

Аталған жиында қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Е.Бекмуратов, білім басқармасы басшысының орынбасары Г.Нахбаева, жұмыспен қамту орталығының директоры С.Абдуллаев және оқу орны түлектері қатысты.

Жастар практикасы — жастарды жұмыспен қамтамасыз ету үшін бастапқы жұмыс тәжірибесін жинақтау мақсатында 25 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) көлеміндегі жалақыны қамтитын бағдарлама.

Кездесуде жұмыспен қамту басқармасы тарапынан бағдарламаның талаптары мен тиімділігі түсіндіріліп, түлектердің сұрақтарына жауап берілді.

Биыл қалалық халықты жұмыспен қамту орталығы тарапынан 2500 жасты аталған бағдарлама аясында жұмыспен қамту жоспарланған. Жыл басынан бері 800-ден астам шымкенттік жас тәжірибеден өтуде.

Бағдарлама талабына сай, қатысушының жасы 29-дан аспауы тиіс және «жұмыссыз» деген мәртебесі болуы керек. Соңғы үш жыл ішінде (*2019-2021жж.*) жоғары оқу орындары мен колледждердің түлектері бір-ақ рет қатыса алады.

Былтыр 3 мыңға жуық жас аталған бағдарламамен жұмыспен қамтылып, оның 536-сы тұрақты жұмысқа орналасты.

Мәриям АЙТБ҄Й,
Шымкент қаласы



Елімізде көші-қон саясатын жандандырып, жаңғырту бағытында мемлекеттік бағдарламамен оңтүстіктен солтүстік облыстарға көшу шаруасы қарқын алып, кейін бәсеңдеп қалғандай көрінген. Оның басты себебі «бөлен жерде алтын бар, барсаң бақыр да жоқ» дегенге саяды. Өйткені басы таудай болып, дабырасы мен дақпырты басым болған салқар көштің керуеніне қатысты біраз жайттар сөз күйінде қалды. Баспанамен, мемлекет тарапынан берілетін бір реттік қайтарымсыз грантпен, басқа да әлеуметтік көмекпен қамтамасыз ету, тұрақты жұмысқа орналастыру секілді «ауыздан ақ май ағызатын» уәделердің кейбірі оңтүстіктен көшіп келгендердің алдында орындалмай жатты. Құрғақ уәдеге тойған кейбір ағайындардың арасында кері қайтқаны да болды.

Газетімізде осы көші-қон саясатына қатысты журналистік талдау жасап, сериялық мақалалар жарияладық. Оңтүстіктен солтүстік облыстарға көшкен елдің жайынан оқырманды хабарлар еткенбіз. Бұл жолы құйылған көштің басы шығысқа қарай шығандап шығуының жай-жапсарына тоқтайық.

2014 жылы оңтүстік халқының шығысқа қарай көші басталды. Жұмыссыз жүрген ағайындарға шығысқа барып екі қолға бір күрек таба алатын ажолтай ақпарат айтылған соң ықылас танытқандар болды. Ауыл шаруашылығы саласына мамандар, мұғалімдер, техниктер қажет деп сауын айтқан шығысқазақстандықтардың шақыртуы шамалы болды ма, бұл өңірге көшіп барушылардың қатары қуантарлықтай емес. Көші-қон мәселесіне қатысты өңір басшысы оңтүстікпен әріптестік келісім жасасып, арнайы бағдарлама да түзілген. «ШҚО-ға қоныс аударамыз» деп аталатын жобамен танысу үшін Шығыс Қазақстан облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің сайтынан ақпараттар алуға да орай туғызды. Көшіп келгендерге баспана беріп, әлеуметтік көмекпен қамтамасыз ету де шешілген. Сайттан электронды карта алып, сол арқылы шығыстың қай пұшағына барып тұруды тұрғынның өзі таңдайтыны, мектеп пен балабақшаға баласын орналастырудың да қиындық тудырмайтыны айтылды. Шығыс Қазақстан облысына мыңдаған отбасы көшіп келіп, халық саны біршама артады деп жоспарлады.

Шығыс Қазақстанда әлгіндей мамандықтарға кадрлар жетімсіздігі байқалып тұрғанда, оңтүстікте жыл сайын сегіз мыңға тарта жас маман қолына диплом алады екен. Олардың барлығына бірдей дайын тұрған жұмыс қайда? Көпшілігі сенделіп жұмыссыздардың қарасын молайтады. Ал солтүстіктегі облыстарға көшіп барған отбасыларға атқарушы билік тарапынан берілетін әлеуметтік көмекке қоса, жергілікті тұрғындар, яғни ауыл адамдары жаңадан көшіп келген отбасының қорасына сиырын әкеліп, қойы мен қозысын қосақтап қамап береді.

Тіпті кәсіпкер үй салып берген. Қайрат Жәнібеков есімді елжанды азамат әр отбасының есігіне он сиырдан көлденең тартыпты. Үш жыл бағады, сүтін сауып май-қаймағын айырады, айранын ұйытып, қатығын сүзіп, құртын кептіреді. Төлін өсіріп, соғымға соя ма, сата ма – өзінің еркі. Үш жылдан кейін он бас сиырын аман-есен иесіне қайтарып береді.

Жылына екі сиыры қысыр қалып, біреуінің бұзауы шығынға кетті дегеннің өзінде жеті бас ірі қара сіздікі. Үш жылда орта есеппен бес-алты бастан төл алсаңыз, он-он бес ірі қараның басын құрайсыз. Бұдан бөлек, қоранызда сіз көшіп барған ауылдың атымтай-жомарт азаматтары байғазыға байлаған қой-ешкініз де бір басы үш жылда беске жетіп, ырысыңызды арттырады.

Мұндай мүмкіндікті, яғни ағайынның ақ пейілімен берілетін халықтың өз көмегін әзірге шығысқа көшіп барғандар көре қоймайты.

Бердібек Сапарбаев Шығыс Қазақстан облысының әкімі болып тұрғанда басталған көштің жоспары бойынша оңтүстіктен шығысқа халық ағылып келіп, төгіліп түсуі тиіс болатын. Бірақ бүгінде бұл шаруа өңірде тым баяу жүріп жатқан көрінеді. Жалпы оңтүстік халқын солтүстік облыстарға көшіру шаруасын қарқынды жүргізу мақсатымен теріскейліктер тынбай еңбектеніп жатыр.



ШЫҒЫСҚА КӨШ НЕГЕ БАЯУ?

Мәселен, осы жылдың сәуір айында Түркістан облысының Түлкібас ауданында Шақпақ, Жабағылы, Ақбиік, Кемербастау, Мичурин, Түлкібас ауылдарының тұрғындарын жинап, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар облысынан келген делегация үгіт-насихат жүргізіп, кездесу өткізіп кетті. Мемлекеттік «Еңбек» бағдарламасы аясында теріскейге көш түзеуге сауын айта келгендер бейнеролик көрсетіп, Алматы, Жамбыл облыстарынан солтүстікке барғандардың жағдайынан хабарлар етті. Әкімдік тарапынан берілетін көмек пен әлеуметтік бағдарламаларды алудың арқасында мал жинап, өрісін кеңейтіп, несібесін молайтып, шаңырағын шаттыққа кенелтіп отырған ағайынның тыныс-тіршілігін көрген түлкібастықтардың арасынан да көшке ілесуге ықылас танытатындар болды. Міне, нәтижелі жұмыстың көрсеткіші деген осы. Мүмкін шығысқа қарай оңтүстіктен көшіп келушілердің қатары артауына жұмыстың белсенді жүргізілмеуі себеп болған да шығар.

Осындай қордалы мәселенің түйіні оңтайлы шешіліп келе деп, Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық халықты жұмыспен қамту орталығының маманы Оралбек Тұрғазиевтен сұрадық.

Оралбек ТҰРҒАЗИЕВ, Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай аудандық халықты жұмыспен қамту орталығының маманы:
— 2017 жылдан бастап «Еңбек» бағдарламасымен 1 отбасы көшіп келді. Одан кейін өз қалауымен көшінің басын бұрған отбасылар да бар. Ертеректе Тарбағатай ауданына көшіп кеткен ауыл тұрғындары қайта

айналып қазығын тауып келушілер де аудан халқының санын көбейтуге үлесін қосуда. Оларға да көші-қон қаражаты мен тұрғын үй қаражаты, мемлекеттік қайтарымсыз грант секілді әлеуметтік көмек түрлері беріледі.

Жас кадрлар, білікті мамандар әзірге келе қойған жоқ. Мемлекет тарапынан салынып, дайын тұрған үй де жоқ. Бәлкім, сол себепті де келушілердің саны аз болып тұрған шығар.

Қайтарымсыз шағын гранттың сомасы биыл 583 мың теңгеге жетті. Оны алғандар он шақты қой, болмаса екі сиыр сатып алып төрт түлігін көбейтіп, мал шаруашылығын дамытуға үлесін қосады. Кейбірі қайтарымсыз гранттың қаражатына құрт жасауға қажетті аппарат сатып алып, шағын кәсібін дөңгелетіп отыр.



Оралбек Тұрғазиев

Быттырғы жылдың наурыз айында карантиндік шектеу енгізілгенге дейін Шығыс Қазақстан облыстық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы бос жұмыс орындарының жәрменкесін өткізді. Шымкент, Тараз қалаларында ұйымдастырылған жәрменкеде оңтүстік халқын шығысқа шақырудың үгіт-насихат, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Бос жұмыс орындарының жәрменкесі одан кейін де өтті. Бірақ жас мамандар келмеді. Жалпы 2017-2020 жылдар аралығында шығыс жеріне 40 отбасы көшіп келіп, 123 адам қоныстанды. Бірақ бұлардың арасында төрт отбасы қайта көшіп кетті. Әлеуметтік келісімшартты бұзғаны үшін азаматтық сотқа бердік. Олар тұрақты қоныстануға келгенімен, мемлекет тарапынан берілетін әлеуметтік көмектерін алған соң қайта көшіп кетті. Көшіп келгендер тұрғын үй қаражаты мен көші-қон қаражатына ауданның бос жерінен жер алып сонда қоныстанып, тіршіліктерін жалғастырып отыр.

Шекаралық өңірлерде халықтың тығыз шоғырланып отыруы тиіс деп ойлаймын. Алдағы уақытта шекараның шебіндегі аймақтардың инфрақұрылымын дамытып, тұрғын үйлер салып, тек оңтүстіктен ғана емес, шетелден көшіп келетін қандас бауырларымызды да құшағымызға басуды қолға алған дұрыс деп санаймын. Мәлім өсіремін, егінім жайқалтамын деген еңбек адамдарына жерден тарықтырмай жағдай жасалатын болса, көштің керуені толастамайды. Осыны ұмытпауымыз керек.

Қуаныш РАХМЕТ

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні

Атаулы күн қашан пайда болды? Алдымен осыған тоқталсақ, 1925 жылы Женевада балалардың сапалы өміріне қатысты дүниежүзілік конференция өтеді. Осынау ауқымды шарадан кейін бірқатар мемлекет бала мәселесіне көңіл бөлу мақсатында осы күнді Балаларды қорғау күні деп белгіледі. Әр баланың махаббатқа, жақсы тамақтануға, медициналық қорғауға, тегін білімге, зорлықтан қорғалуға, бейбіт күнде өмір сүруге құқығы бар. Бұл – балаларды қорғау күні белгіленген көзде Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекеттер қабылдаған ортақ қарар.



Содан бері жүз жылға жуықтады. Егемен еліміз, оның ішінде біздің шекарашылар мен олардың балалары атаулы мерекені қалай атап өтеді?

«Шекараны бүкіл ел қорғайды» деген қағида бар. Демек шекарашылар мен халық біртұтас. Шекарашылар ел тыныштығын күзетумен ғана шектеліп қоймайды. Жас патриоттарды тәрбиелеу ісіне белсене атсалысады. Қайырымдылық іс-шараларымен айналысады. Қала, шекара аймақтарындағы Балалар үйлеріне барып, концерттік бағдарлама мен түрлі ойындар ұйымдастырады, сыйлықтар үлестіреді. Биыл да осы дәстүрден айнымаған жасыл күнкағарлы шекарашылар балаларды қуанышқа бөледі.

Алматы облысы бойынша департаментінің Тәрбие, идеологиялық және кадрлар жұмысы басқармасының ұйытқы болуымен, қаладағы «Ақсай 2» шағынауданының Балалар алаңында мерекелік іс-шара өтті. Мұнда шекарашылардың балалары үшін аниматорлар бұрын-соңды



15 жасқа дейінгі аралықтағы балалар қатысты. Балалар бұл күні Іле Алатауының Ақсай шатқалында орналасқан демалыс орнына барып, табиғат аясында демалып қайтты. Түрлі ойындар ұйымдастырылып, тау ішіне саяхат жасады. Шекарашылар жайған мерекелік дастарханнан дәм татты.

Міне, еліміздің шекара қорғандары 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесінің есте қаларлықтай өтуіне әдеттегідей мұрындық бола білді.

Тамара ДӘУЛЕТБАЕВА,
ҰҚК Шекара қызметінің
запастағы подполковнигі
Суреттерді түсірген автор



Бірлік

Талдықорғандық жас жігіт Эмил Құрбанов – әзірбайжан ұлтының өкілі. Бірақ өскен ортасы, оқыған мектебі, жоғары оқу орны, араласатын достары, айналасындағы әріптестерінің дені – қазақ жастары. Эмил қазақ тілін жақсы біледі, әрі жетік сөйлейді. Өзі бүгінде Алматы облыстық «Оғни Алатау» газетінің белді тілшісі. Материалдарын орыс тілінде жазады. «Сегіз қырлы, бір сырлы» осы азаматты Жетісу жұрты жете танып алған. Оның жақсы қасиеттері мен ізгілікті істерін Jas qazaq газетінің оқырмандары да біле жүрсін деп сұхбаттастық.

Jas qazaq: Менің білуімше, әулеттеріңнің Қазақстанға қоныс аударуының өзіндік тарихы бар көрінеді. Алдымен, осы жайлы айтып берсең?

Эмил Құрбанов: Біздің әулетті алғаш Қазақстанға бастап келген ұлы атам – Құрбан Фатуллаевты. 1886 жылы Нахичевандағы Баш Норашен ауданында өмірге келген. 1933 жылдары Қазақстандағы талай жанның өмірін жалмап, талай арысымызды ортамыздан айырған қиын күндерді өзіңіз жақсы білесіз. Сондай жағдай Әзірбайжанда да орын алды. Ұлы атам Құрбан Фатуллаевты 1933 жылы Ақбардың әкесі Құрбан Фатуллаевты жалған айыппен тұтқындалып, 1937 жылы Қазақстанға жер аударылды. 1992 жылғы 11 желтоқсанда Әзірбайжан Республикасының Бас прокуратурасы тарапынан Құрбан Фатуллаевты ақталып, барлық айыптарынан құтылды. Ол кісіден бірнеше бала өсті. Ал атам Ақбар Құрбанов 1931 жылы 25 желтоқсанда Әзірбайжан КСР Ильичев ауданы Арабентгиджа ауылында дүниеге келді. Ол кісі де ұлы атаммен бірге қазақ топырағына келген. Атам өмір бойы тұған жерінен кетсе де, қазақ елінен бақыт тапқанына шүкіршілік етіп өтті. Өйткені осы жерден болашақ тапты, өсті, өркендеді. Ақбар атам Көксу ауданы Балпық би кентіндегі орта мектепті бітіріп, Талдықорған ауыл шаруашылығы техникумына оқуға түсіп, оны бітіргеннен кейін агроном, өсімдіктерді қорғау отрядының басшысы болып жұмыс істеді. 1968 жылы Талдықорған өсімдіктерді қорғау стансасын басқарды. 1970 жылы Қазақ ССИИ өсімдіктерді қорғау факультетін бітірді.

Ақбар атамның өмірінде атқарған жұмыстары көп. Елдің өркендеуіне қосқан үлесі де мол. Ауылдастар ол кісінің ауыл шаруашылығы саласының өркендетуіне сіңірген еңбегін осы күнге дейін мақтанышпен айтады. Әсіресе, зиянкестер мен дақылдардың ауруларымен күресудің озық тәжірибелері мен прогрессивті әдістерін тарату үшін көп жұмыс істеді. Оның басшылығымен облыста механикаландырылған уландыру пункттері енгізіліп, пестицидтерді сақтауға арналған типтік қоймалардың қырлысы ұйымдастырылды. Еңбектегі жетістіктері үшін «Құрмет белгісі» орденімен, «КСРО-ның 7-11 бесжылдығының екпіндісі», 1977 жылғы «Социалистік жарыстың жеңімпазы», «Еңбектегі ерлігі үшін», «КСРО-ның белсенді жұмысы үшін» медальдарымен, «КСРО Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі» күміс медалімен, ХШЖК екі қола медалімен марапатталды.

Ақбар Құбанов отбасында және қоғамда адамзатқа ортақ моральдық қағидаларды қатан



ұстанған адам ретінде елдің құрметіне бөленді. Сырт келбеті қатал болып көрінгенімен, жан дүниесі мейірімді, адамдармен сүйіспеншілік тұрғысында қарым-қатынас жасайтын. Сондықтан өз ортасында сыйлы болды, құрметке бөленді. Этнос өкілдері арасынан шыққан көрнекті адам. Оның энциклопедиялық білімі, ақыл-ой тереңдігі, ойлау өрнегі мен табиғи түйсігі арқылы жаңалық ашатын білімділігі талай жанның өміріне азық беріп, болашағына нұрлы жол нұсқалды. Апам Зарифа Құрбанова екеуі сегіз баланы өмірге әкелді. Олардың екеуі Эльман 13 жаста және Эльбрус 18 жасқа шикқанда қайтыс болды. Қалған балалары осы ортада өсіп-өніп, білім алып, еңбек етіп, мәуелі бәйтерекке айналды. Айталық, 1952 жылы туған Земфира Құрбанова фельдшерлік медпункт меңгерушісі болып жұмыс атқарды. Рамиль және Эльмира атты екі ұл тәрбиелеп отыр. Латифа Құрбанова 1955 жылы туған, Алматы қаласында балабақшада жұмыс істей жүріп, Рамис, Раиса және Расима атты үш ұлын ержеткізді. 1960 жылы туған Назира Құрбанова — жеке кәсіпкер, Наиль есімді ұлын өсірді. 1965 жылы туған Симузар Құрбанова Талдықорған қалалық сотында судья болып жұмыс істейді. Ол кісі менің анам. 1968 жылы туған Эльшан Құрбанов та жеке кәсіпкер, үш бала тәрбиелеп, өсірді. Атасының есімімен

аталған Ақбар Құрбановтың Милада және Элина атты қыздары бар. 1972 жылы туған Эльхан Құрбанов — жеке кәсіпкер, Зарифа және Рүстем атты екі бала тәрбиелеп, өсірді.

Jas qazaq: Өзіңнің бала кездегі есімің Жандос екен?

Эмил Құрбанов: Менің жалпы екі атым бар. Әзірбайжانشа — Эмил, қазақша — Жандос. Мен әзірбайжан отбасында дүниеге келдім. Өз ұлтымды сүйемін. Тілін, ділін, дәстүрін құрметтеймін. Ал балалық шағым Талдықорған қаласында өтті. Қаланың № 4 шағын ауданындағы айналасын көпқабаты үйлер қоршаған біздің аулада негізінен қазақтар тұратын. Күнде қазақ балалармен ойнайтынбыз. Сол кезде арамызда Жандос есімді бала болды. Кейде жалғызсырап қалған кезде, шіркін бір жақын, жан досым болсашы деп ойлайтынмын. Жандоспен кездескен сайын оның есімі мені өзіне тартып тұратын. Жан, дос деген сөздің түп мағынасы менің көңілімдегі ойымды деп басқандай болды. Сосын өзіме қазақша Жандос деп ат қойып алдым. Кейін балабақшаға барған кезде де Жандос болып жазылдым. Қазірде құжат бойынша Эмил Құрбанов болып жазылғаныммен, бала күнгі достарымның бәрі Жандос деп шақырады.

Осы жерде тағы бір қызықты айта кету керек шығар. Бала күнімде атым Жандос болғаннан кейін, үлкендер қазақы дәстүр бойынша менен: «Кай рудын баласысын?» деп сұрайтын. Ол кезде анамның достары, араласатын ағайындары жалайыр руынан болғандықтан, «жалайырмын» дейтінмін. Ал өсе келе, оны өзгерттім. Өйткені менің кіндік шешем арғын руының қызы еді. Сондықтан қазір руымды сұраса, «арғынмын» дейтін болдым. Себебі кіндік шешем де менің азамат болып өсуіме көп үлес қосты ғой.

Алғаш балабақшаға барған кезде орыс топтарында орын болмады да қазақ тобына



ҚҰШАҒЫ КЕҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ БІЗДІ ДЕ БАУЫРЫНА БАСТЫ

жазылды. Анамның да таңдауы солай болды. Оның үстіне ауладағы балалармен ойнап жүріп, қазақ тілін еркін меңгеріп алғанмын. Бірінші сыныпка барған кезде де орыс сыныбына, не болмаса қазақ сыныбына бару деген екі түрлі таңдау болды. Бірақ құштарлығым қазақ сыныбында оқуға ауды да тұрды. Сонымен Талдықорған қаласындағы Мағжан Жұмабаев атындағы №19 мектеп-гимназисына түстім. Сынып жетекшім Сәуле Құрмашқызы мені өз баласынан артық көрді. Жанына жақын тартып, бәрін үйретуге тырысты. Ал бесінші сыныпка барғанда Баян Мұратқызының сыныбына

макала жазып, басылымдарда шығардым. ҰБТ-ны қай тілде тапсыру керек деген таңдау тағы кесе көлденендеді. Балабақша, бастауыш, орта мектепті қазақ тілінде оқығаннан кейін орыс тілінде емтихан тапсыруға батылым жетпеді де, ҰБТ-ны қазақ тілінде тапсырдым. Нәтижем жаман болған жоқ. І.Жансүгіров атындағы университеттің гуманитарлық факультеті, журналистика мамандығына қабылдандым. Сонымен журналистиканы төрт жыл тағы да қазақша оқып бітірдім. Университет қабырғасындағы менің сүйікті пәндерімнің бірі — «Қазақстан тарихы» мен қазақ әдебиеті болды. Абайдың, Мағжанның өлеңдерін, қара сөздерін жатталым, І.Есенберлиннің «Көшпенділерін», сондай-ақ М. Әуезовтің шығармаларын оқыдым. Әбу Нәсір Әл Фараби: «Өткенді білмей, болашаққа бағдар алмайсын» деген ғой. Тарихты оқып, қазақ даласының өткені мен бүгінін таныдым. Өз ұлтымның да тарихын ақтарып, ата-бабаларымның ерлік, еркіндік, жалпы адамзаттық өркениетке қосқан үлесін бағамдадым. Ол менің өміріме азық берсе, болашақ мамандығымнан нәтиже жаратуға ықпал етуде.

Jas qazaq: Мемлекеттік тілді үйрену үшін міндетті түрде қазақша оқу керек пе? Әлде басқа жолы бар ма?

Эмил Құрбанов: Ен алдымен, біз өзіміздің өскен елімізге деген терең құрметіміз болуы керек. Мен Жетісу жерінде туғанымды, өскенімді, еңбек етіп жүргенді мақтаныш етемін. Тілді тез үйренгісі келетін адам көбірек оқып, сөйлесуден қорықпағаны дұрыс.

Jas qazaq: Неліктен журналистика мамандығын таңдадың? Осы күнде қазақ тілінде оқып, бүгінде орыс тілді газетте жұмыс істеп жүрсіз? Қиын болмады ма?

Эмил Құрбанов: Ен басты себеп — ол кең-байтақ қазақ жерінің тарихын тану, ел мен жердің ертенгі болашағына қалам арқылы үлес қосу, көптің көңілінен шығатын туындылар жазу. Рас, мен барлық оқуды қазақ тілінде бітіріп, енді Алматы облыстық «Оғни Алатау» газетінде орыс тілінде жазып жүрмін.

Мемлекеттік тілді меңгеру менің өміріме үлкен мүмкіндіктер сыйлады. Қазақ тілінде сұхбат бергенде, көпшілік таң қалып, тіпті: «балам, қазақ тілінде қалай жақсы

ҚҰШАҒЫ КЕҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ БІЗДІ ДЕ БАУЫРЫНА БАСТЫ

сөйлейсің, қазақсың ба», — деп сұрап жатады. Бұл маған шабыт береді.

Журналистика саласында орысша, қазақша жазу дегенде айырмашылық жоқ. Өйткені тілі бөлек болғанмен, журналистиканың бағыты біреу ғой. Мен көбіне мақалаларды қазақша ойлап, орысша жазамын. Сондықтан менің журналистикада өз стилім қалыптасқан. Оны жазғандарымды оқыған адамдар анық байқайды.

Jas qazaq: Әлгінде «анам судья болып жұмыс істейді» деп қалдыңыз.

Эмил Құрбанов: Иә, анам судья болып қызмет атқарады. Бұл мен үшін мақтаныш.

жіті назар аударып, жан-жақты тексеру, зерделеу тұрғысынан әйелдердің сұңғыла келетінін жоққа шығаруға болмайды. Сондықтан судьялар ерлер мен әйелдерден ортақ жасакталса, нәтиже көрнекті болады..

Менің анамның бойында судьяға тән барлық қасиет бар. Әрине, белгілі бір іске нақтылы шешім жасау оңай емес. Өйткені



сенің алдында бір-бірімен мүлде келіспейтін дәлелдер келеді. Өзін тыңдаған адамдардың да пікірі екіге жарылып, оның дұрыстығы мен бұрыстығына көз жеткізу үшін көп еңбектену керек. Іске шешім жасауда сенің әрбір сөзің мемлекеттің заңдарында көрсетілген баптарға сәйкес болуы керек. Сол үшін судья қолындағы материалды толық зерделеп, тараптарды мұқият тындап, сот практикасын, Жоғарғы Соттың басшылық түсініктемелерін қарап, іске кірісуі тиіс. Сонда ғана шешім әділ әрі дұрыс болады. Ең бастысы, тараптарды жалықпай тыңдай білу мен істі заң шеңберінде мұқият қарау шешімнің әділ шығуының негізі болмақ. Менің анам өз мамандығына деген осындай терең сүйіспеншілігімен іске кірісетіндіктен, әрбір ісін нәтижелі орындап отырды.

Jas qazaq: Сенің бойында анаңның қандай қасиеттері бар деп ойлайсың?

Эмил Құрбанов: Ұқыптылық, кәсіпке адалдық, жұмысқа деген сүйіспеншілік, жеке бастың ісін көптің мүддесімен араластырмау, ақ пен қараны парықтап барып шешім қабылдау, айналадағы адамдардың пікіріне дұрыс көзқарас ұстану. Қысқасы, менің бойымдағы көп қасиет сол анамның болмысынан келген сияқты.

Jas qazaq: Журналистикада сол қасиеттерді қолданасың ба?

Эмил Құрбанов: Әрине, сот ісі мен журналистика екі түрлі сала. Бірақ бірі-бірімен ұқсастығы да бар. Судьяға әділдік пен теңдік керек. Журналистикада да сол өлшем бар. Өйткені бірі адам тағдырына жауап берсе, енді бірі қоғам тағдырына жауап береді. Адамдар

ҚҰШАҒЫ КЕҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ БІЗДІ ДЕ БАУЫРЫНА БАСТЫ

занға бағынып, өз міндетін таныса, болашақ арманын жүзеге асыру үшін тазалықпен жұмыс істесе, оның келешегі де кемел болады. Сол сияқты журналистика қоғамдағы жетістіктер мен жұрттың мүддесін дұрыс саралап, болып кеткен, болып жатқан істерді дұрыс зерделіп, болуға тиісті істерге жөн сілтеп, бағыт бере алса, онда қоғам әділетті болады. Сондықтан анамның маған үйреткен әрбір адами қасиеттерін өз салама қолдануға тырысамын.

Jas qazaq: Сіздің басты ұстанымыңыз не?

Эмил Құрбанов: Мен, жеке тұлға ретінде әрқашан биікке ұмтыламын. Ең алдымен,

өзіңді кәсіби және адамдар сыйлай алатын адам ретінде қалыптастыру керек. Менің басты ұстанымым — өмірді шексіз сүйетін және адамдардың бақыты үшін өзін арнай алатын жақсы жар табу. Бұл шыдамдылық, құрмет және басқа адамды түсіне білу. Ол менің жұмысымның да нәтижелі болуы үшін ықпал етеді.

Jas qazaq: Дәстүрлі бір сұрағымыз бар. Сіз Қазақстан Халқы ассамблеясының жұмысын қалай бағалайсыз?

Эмил Құрбанов: Қазақстанның үлкен отбасына бейбітшілік пен келісімде өмір сүріп жатқан көптеген этнос кіреді. Олар Қазақ жерін мекен еткен тату халық. Елбасы бір сөзінде: «Тәуелсіздік — біздің маңдайға басқан бағымыз», — деген еді.

Расында, Тәуелсіз ел болғалы көп жетістікке жеттік. Алдымен мемлекет құрудың қиын жолдарынан өттік. Сосын еліміздің етек-жеңін бекемдеуді жүзеге асырдық, сол арқылы шекарамызды шегендеп, нарықтық қатынастың қиын да бұралан жолдарынан алсапыт өттік. Халықтың экономикалық жағдайын көтеріп, әлеуметтік әл-ауқатын нығайтып қана қоймай, әлемдік саясаттағы Қазақстанның рөлін айқындай алдық. Ең бастысы, Ата Заңымыздың айбынын асырып, құқықтық мемлекет құрудың барлық талаптарын орындап, шартын бекемдедік. Қай қырынан келсек те, жеткен жетістігіміз аз болған жөн. Қазақстан Халқы ассамблеясының да жұмысын бір жүйеге түсіріп, бүгінде қоғамдық институт ретінде қалыптастырдық. Сол арқылы оның этнос өкілдерінің құқықтық мәселесін шешудегі рөлін арттыра алдық. Иә, мұндай жетістікті тізбелеп айтсақ, көптеген жағымды мысалды тауып жазуға болады. Бірақ оның бәрі елдің көз алдында болды, болып жатыр, алдағы уақытта да жалғасын табады. Біз осы арқылы елімізді құқықтық, зайырлы мемлекет дәрежесіне көтере аламыз деп санаймын.

Jas qazaq: Уақыт тауып, сұхбат бергеніңізге рахмет!

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Сатирамыздың сарабал сыншы-академигі Темірбек Қожакеев «Әрбір халықтың жан дүниесі оның ән-жырынан ғана көрінбейді, күлкі-сықақ, әзіл-оспағынан да көрінеді. Белгілі бір халықтың сатира, юморында оның бүкіл тарихы, күрес жолы, әр дәуірдегі көңіл-күйі көрініс табады» деп сын-сықақтың мән-мазмұн, мақсатын саралап-сипаттап берген болатын. Осы сөзді басылыққа алған қазақ баспасөзі юмор мен сатираны ешқашан шеттеткен емес. Әзіл-қалжыңын үзбей жариялап келе жатқан басылымның бірі «Егемен Қазақстан» газеті екені белгілі. Ондағы «Сөз сойыл» әзіл-оспақ, сын-сықақ отауының жарияланып келгеніне биыл 25 жыл болыпты. Соған орай, біз әзіл-оспақ отауын ширек ғасыр шырлап келген танымал сатирик Берік Садырды әңгімеге тартып, сатира-юмор төңірегінде сұхбаттасқанды жөн көрдік.

Жас qazaq: Берік мырза, «Сөз сойыл» әзіл-оспақ, сын-сықақ отауын жүргізу әуелде кімнің идеясы болды?

Б.Садыр: Әлбетте, шама-шарқымды таразылап барып ұмтылып көрдім. «Егемен Қазақстан» газетінде «Мүйізтұмсық» атты әзіл-оспақ болып, ол жабылып қалғалы да біраз болған. «Егемен Қазақстан» газетінің сол кездегі бас редакторы Нұрлан Оразалинге ойымды айтып едім, «тұрақты түрде шығара аласың ба?» деп төтесінен қойды. «Аннотациясын» мықтап жазып, 3-4 нөмірлік материалдарыңды әдебиет бөліміне өткізіп қой», — деді. Сөйтіп, 1996 жылдың маусым айының ортасындағы сенбіге әзіл-оспақ, сын-сықақ отауының бүрк етіп алғашқы нөмірі шыға келді. Содан апта сайын шығару керек болып, әйда кеп жатпай-тұрмай жұмыс істеуге тура келді. «Мүйізтұмсық» деген атты өзгертуге бәйге жариялап, ақыры алты ай асырып барып «Сөз сойылға» тоқтадық. Оны тауып берген белгілі қаламгер Тұрсынжан Шапай еді. Халық жазушысы Мұзафар Әлімбаев ақсақал: «Сөз сойыл», «Сойыл сөз» — сорлыға емес, содырға тисін, жемқорға тисін, обырға тисін!» деп батасын беріп, қазір, құдайға шүкір, баспасөз бағында «Ел сойыл», «Сойыл сөз» деп балалап, үрім-бұтағын үкілеп кеткен жайы бар.

Біраз жыл газеттердің макетін сызғылап, нәпақа айырып, қол қалт етсе, тек сатира-юморды ермек еткендіктен болар, ал бұған «Тамаша», «Бауыржан шоу» редактор болып қоржын ұстағандікі ме, әу бастан-ақ бас-көз демей, төпелей жөнелдім. «Қазақ әдебиетіндегі» «Қожанасыр қоржыны» суалып таусылған, «Ара» жабылған, сатириктер де сусап қалыпты, «бәрекелдімен» бел буып кірісіп кетті. Қазір, құдайға шүкір, еліміздің түкпір-түкпірінен тізімдеп санасам, 80-ге тарта «серкем» бар. Мүйіз карағайлардан қайыр шамалы, елдегі елгезек авторлар аман болсын. Тек сұрыпты біл, сүзгіден сірнеле, жылт еткенін жарияла, тегі болмаса бесаспаптық танытып, 5-6 жанрда өгіз күшпен өзіме күшенуге тура келеді.



Сатира сұрмергендері:
Мұзафар Әлімбаев, Ұмбетбай Уайдин,
Ғаббас Қабышев, Берік Садыр

1998 жылдан бастап онда жарияланған материалдар сұрыпталып, жақсы жазған авторларға сатирик-жазушы Балғабек Қыдырбекұлы атындағы жүлденің тағайындалуы дәстүрге айналды. Ол жүлдені ең алғаш сатираның жас перісі Ермахан Шайхы иеленсе, үлкендерден Халық жазушысы Мұзафар Әлімбаевқа, одан кейін Мейірбек Ақынбекұлына, Сейіт Кенжеахметұлына, Әзірбайжан Қонарбаевқа, Қазыбек Әшірбекұлына, Табыл Құлиясқа, Марат Көптілеуовке, Алпысбай Боранбайұлына, Бактыбай Жұмалидинге берілді. Қысқасы, «Сөз сойыл» көптің көңілін қанағаттандыратын беттердің бірі десем, қадірлі оқырмандар бұл пікірді теріске шығара қоймас. «Сөз сойылды» алғашында оқырман апта сайын оқитын... Келе-келе сирексіп, қазір шығару қиындаған заман... Ал сапасы жағынан басқа басылымдардағы өзі тектес бұрыштармен салыстырып көрген көзі қаракты оқырман «өте дұрыс» деп баға беретініне сенімдімін... Күн өткен сайын «барым да базарым» болғандықтан, бұған бар күш-біліктілігімді жұмылдырудамын. Міне, өзім зейнеткер болсам да, «Сөз сойылды» «сүйреп» келе жатқаным 25 жылдың жүзі болыпты.

Жас qazaq: Сұрағымды төтесінен қояйын. ХХІ ғасырдың сиыр жылындағы қазақ әзіл-оспағының деңгейі қандай дәрежеде?

Б.Садыр: Құдайға шүкір, әзіл-оспағымыз бар. «Қазақ әдебиеті» газетінде «Бұзаутис», «Айқында» — арнайы «Ара» қосымшасы, «Жас Алашта» — «Сүзген сөз», «Ана тілінде» «Оспанхана», Ege men Qazaqstan «Сөз сойыл» әзіл-қалжың отаулары шығып жатыр. Өздерің сияқты «Бүгінгі сатира» айдарымен әзілге көңіл бөліп отыратын басылымдар да баршылық. Ал дәреже деңгейіне келер болсақ, сапа жағы салмақсыздау, «әп, бәрекелді!» дегізер дүниелер некен-саят. Не жазса да «дүр» еткізетін Сейіт Кенжеахмет ағамызды іздейтін болдық. Қазір

көштің алдында Мұхтар Шерім тұр. Ал сатира-юморға бет бұрған жастар жоқтың қасы десек те болады. Мұндайда академик Темірбек Қожакеевтің «Сатира — күштілер қаруы» деген канатты сөзі еске түседі. Егде тарландарымыз өз уақытында өз үлестерін қосты. Ал қазір заман басқа, талап «қарақасқа» болып, сатира сарбаздары тоқырау, тосырмау күй кешуде. Қостанайлық сатирик Дәмер Әбіштің «Қатынымды жекешелендіріп алдым», «Институтымыз ұл тапты!» мен Сайлау Байбосынның «Асқазаныңыз ауырмай ма?!» атты тәуір дүниелеріне «әп, бәрекелді!» деп отырған жайымыз бар. Өзім де әзіл-оспақ отауын шығарып отырғандықтан «оным мен солыма» алаңдап, тәуір дүние келе қалса екен деп елендеймін...

Берік САДЫР:

ҚАЗІР СЫНАЛҒАН АДАМ ЕМЕС, СЫНАҒАН АДАМ СҮЙКІМСІЗ БОЛЫП ЖАТАДЫ

Жас qazaq: Сатира-юморға бет бұрған жастар жоқтың қасы, сатира сарбаздары тосырмау күй кешуде деп қалдыңыз ғой. Осы ойыңызды толықтырып айтыңызшы.

Б.Садыр: Токетері, қазіргі қоғамға сынап-мінеу сияқты «ашы-тұшы әзіл» керек болмай тұр. Мұндай жағдайда сатира-юморды жазушылар тосырмамай қайтсын! Бірлі-жарым бұлтартпас дәйекпен фельетон жазылса — бұнысын әрісі қоғам болып көзге ілмейді, берісі шыбын шаққан құрлы көрмейді. Темірбек Қожакеев: «Әдебиет пен баспасөз тәжірибесінде жамандыққа жаны қас, жақсылықты ғана іздейтін, азулы да айбынды бір жанр бар. Ол — фельетон. Фельетон жат мінез, жайсыз қылық, кемшілік-мінді көрсе-ақ айырын ала салып, оны түйрей қояды, жұрт алдына сүйреп шығарып, қағып-сілкіп, масқара етеді» деген. Расында, сол кездері фельетон сатираның өтімді де, өткір жанры болған. Өкінішке қарай, бұл жанр бүгіндері мүлдем жоғалған. Оспанхан Әубәкіров: «Ара» — ара болады, шаққан жері жара болады» деп баға берген журнал бетіндегі фельетонның «басты кейіпкерлері» жылы орындарынан алынып, біліктің қатан жазасына ұшырап отырған. Қоғамның талай мінін түзеген «Ара»

журналы туралы көрнекті сатирик Ғаббас Қабышев: «Ол кезде «Ара» журналына есімі іліккен адам міндетті түрде тексеріліп, лайықты жазсын алып жататын. Журналда қызмет етіп жүргенімізде келенсіздіктерді айтып, СОКП Орталық Комитетіне дейін шыққанбыз. Сол кезде үш бірдей министр кінәсін мойындатқызып, қызметінен де босатқанбыз» дейді. Ол сатираның бүгінгі күні әлсіз көрінуінің себебін «оның еленбеуі мен лайықты баға берілмей жүргендігінде» деп түсіндіреді. Сатираның ең бір мықты жанры фельетон болатын. Бұл жемқорлар мен паракорларға қарсы таптырмас құрал еді. Өкінішке қарай, фельетон әдебиет сахнасынан аластатылды. Қазір сыналған адам емес, сынаған адам сүйкімсіз болып жатады. Осылайша, фельетонға қаппақ қоюшылар пайда болып, сатириктер бұл жанрды жазуды қойды. Осындай сатира-юморға аса мән берген кенестік кезеннің іс-шараларына тәнті боласын. Соның іс-әрекеті қазіргі қоғамға дарыса, сатириктеріміз тосырмауды сілкіп тастап, бір кездегідей белді буып буырқанар-ақ еді... Оларға қарап он-солын таныған жас буын да әзіл-оспаққа мойын бұрар еді.

Жас qazaq: Бір кездері «Тамаша» мен «Бауыржан шоу» әзіл-сықақ театрларында редакторлық қызмет еттіңіз. Қазіргі сахналық сатираның деңгей-дәрежесіне қандай баға бере едіңіз?

Б.Садыр: Тәубе, бүгінде жұрт әзіл-сықаққа кенде емес. Олай дейтінім, «Тамашаның» шекпенінен шыққан «Бауыржан-шоу», «Күлкі керуені», «Терісқаппай», «Шаншар», «Екі езу» сияқты әзіл-сықақ театрлары бар. Сценарий жағынан, қойылымдық тұрғысынан «әлі келе жатқан...» театр болмаса, бәрі «бір шекпеннен шыққандыкі ме», әйтеуір, айтары да ұқсас, күлкісі де ұқсас болып келеді. Соған қарағанда,

осы театрлардың қойылымдары жөнінде: «Әзіл-сықақ, әжуасы әпербакан, қойылымы отбасы, ошақ қасы күйбен тірлік төңірегінде, көріп отырып көңіл қалады» дегендей пікірдің қалыптасуы бекер емес сияқты. Расында да, осы театрлардың



төмен жатқандығын бүркемелеу үшін арзан күлкі болса да көрерменін ыржытып қайтаруға тырысады. Мұны көріп: «Ау, бұларны қалай?» дей қалсаңыз, олардың: «Біздің көрерменнің талғам, ой-өресі осы төңіректе» деп жұртқа топырақ шашатыны да бар. Ал сол талғамды қалыптастыратын өздері екенін мүлдем еске алмайды...

Жас qazaq: «Тамашаның» қазіргі сатира театрларынан артықшылығы неде деп білесіз?

Б.Садыр: Алғашқы әзіл-сықақ театры болды. Ол кезде қазіргідей жетісіне гүлетіп жататын әзіл-сықақ бұрышы атымен жоқ болатын. Ал «Тамаша» мерекелерге орайластырылып жылына 5-6 рет қана «Республика» сарайында қойылып, содан кейін ғана теледидардан көрсетілетін. Оны қалың жұртшылық тайлы-таяғымен қоймай тамашалайтын.

Негізгі ерекшелігі — «Тамашада» белгілі бір театрдың танымал артистері ойнайтын. Ондағы әртістер рөлді ойнағанды ғана білетін. Саусақпен санарлық скетчтер болмаса, оларға материалды тауып беріп отыратын театрдың арнайы редакторлары болды. Бұған сол кездегі Оспанхан Әубәкіров, Шона Смаханұлы, Сейіт Кенжеахметов секілді белгілі сатириктер үзбей атсалысты.

Жас qazaq: Қазіргі сатиралық театрлардың көбейгеніне қалай қарайсыз?

бөріне дерлік тақырып аясы бірдей. Олардың жеке ұжым ретіндегі өзіндік қолтанбасын, өзіндік ізденісін көре алмайсыз. Бөріне де қап арқалаған, базар жағалап бала-шаға асыраудың қамымен есенгіреген әйел. Үгітіліп біткен, әйелінің айғайынан бас сауғалап, мүсәпірлікке мойынсұнған еркек. Ұрдажық ұрпағына күмілжіген кемпір-шал. Барлықтан басы айналған бақырауық келін. Қалт-құлт еткен қайыршы. Байлықтың буына пісіп кекірейген керталтаң... Міне, тақырып жағынан сатиралық сахнамыздың «көрік-ажары» осы.

Әрине, біз оларға уақытпен үндеспе, заман кейіпкерін кесе-көлденен тартпа демейміз. Айтсын. Дегенмен әр театрдың өзіндік қолтанбасын даралайтын бағыт-бағдары болатынын еске салып отырмыз. Тақырып осы екен деп талғамсыз, тұщымсыз дүниені шарқ ұрып шыырлағаннан сатира тумайды. Көрерменді күлдіруім керек екен деп әдепсіздікке, анайылққа барып, әпербакандық таныту — дәрменсіздік.

«Сынықтан басқаның бәрі жұғады» демекші, соңғы кезде мұндай көрініс барша сатиралық театрлардың деңгейіне айналып барады. Бір айта кететін мәселе, әрбір қойылымның тым ұзақтығы. Сатираның құдіреті де сол, көп сөзді аз сөзбен түйіп айту ғой. Ал біздің театрларымыздағы әрбір қойылым пәленбай минутқа созылып, адамды мезі етеді. Сатира театрына керекті сын-сықақ екені белгілі. Ал оны жазатын, әрине, сатирик-жазушылар. Олардың қатары аз емес. Сөйте тұра,



сатиралық театр тізгінін ұстаушылардың: «Барымыз осы. Бізде сындарлы, саликалы скетч жоқ» дейтіні бар. Ал ой тезіне салсаң, бұлай деуінің еш қисыны жоқ. Өйткені «Тамашаға», «Бауыржан-шоуға» келісімшарт бойынша аз-маз болса да, бір кездері аталысқаным бар. Сондағы өзім түйген ойды айтсам, біріншіден, мұнда авторларға деген өзгеше көзқарас қалыптасқан. Автор бұларға «есегі судан өткенше» ғана керек. Сондықтан шығар, осы күндері аталмыш театрлардағы қойылымның авторлары — бұрын-сонды бірлі-жарым әзіл-оспақ жазып көрмеген адамдар. Олар да аяқ-асты табылады, үшті-күйлі жоғалады. Мұның себеп-салдары да белгілі. Бізде сатира да, юмор да жоқ емес. Тек оны жазатын авторларды өздерінің маңына үйіру жетіспей жатқан сияқты. Міне, осыдан кейін театр сахнасындағы қойылымның мазмұн-мағынасының талғамнан

Б.Садыр: Әзіл-сықақ театрының бастауы «Тамаша» болса, «Бауыржан шоу», «Терісқаппай», «Күлкі керуен», «Аққу-Гәкку», «Нысана» деп жеке отау тікті. Аймақтарда да құрылды. Бір кездері «Хабардағы» «Ду-думаннан» — «Қуандық пен Бақыт», «Беймарал», «Керемет» дегендерді өз басым бірінші рет естідім. Жарайды, көптік етпес. Осы жерде «сан сапаға әсер етеді» атты қағиданы еске алуға да болатын шығар. Мәселен, Мәскеуде 400-дей театр бар деп жұбату айтамыз. Ал осы ана «Тамашадан» тартып, қазір бәр-бәріне көрерменнің көңілі толмайды. Мына парадоксты қараныз, Ресейдің «Кривое зеркалосында» 20 шақты әртіс бір ұжымға топтасқан. Олардың әрқайсысының өзі жеке театр құруына бедел-қасиеттері жетіп артылса да, бір ұжымға еңбек етеді. Неге? Ұжым — ұтады. Жетекшісі Евгений Петросян «ұтуды» онды-солды жолын тапқан. Мәселен, скетч табуда Петросянның талғамы керек. Конкурсақ мыңға жуық материал келіп түседі екен. Себебі, оған таңдап алынғанға төленер қаржы өте қомақты көрінеді. Петросян «керек» авторымен сұхбат жүргізіп, насихаттап отырады. Ал олардың менталитеті басқаша деген пікірге келіспеймін. Өз басым ол театрдың әр қойылымын ыждағаттылықпен тамашалаймын. Үлгі боларлық театр-ақ!

Жас qazaq: Қазір зейнеткерсіз, әлеуметтік желіде неге әңгіме қозғамайсыз? Саясат — сатираның сұранып тұрған «жем» емес пе? Ана құрдастарыңыз құсап шеріңізді бір уақ тарқатып отырмайсыз ба?

Б.Садыр: «Құрдастарыңыз» деп отырғандарды жобалап біліп отырмын. Е, олармен кезінде өкіметтің баспасөзінде бірге қызмет еттік. Олар да, мен де уақыт талабына орай, сол өкіметтің жырын жырладық. Ал олардың қазіргі белсенділігін түсінуге болады. Кезінде айта алмағанын енді көсіліп айтып, шерін тарқатулары жөн-ақ. Менің олардан артықшылығым, өзімнің шығармашылығым — сатирам бар. Сол сатираммен — «Сөз сойыл» әзіл-сықақ отауымен шамам жеткенше еңбек етіп келемін. Ал қазір одан ауытқып шығып кетуге мұршам да, уақытым да болмай тұрғаны. «Сөз сойылды» Ege men Qazaqstan газетінде табандап отырып шығарып келе жатып, қырсыққанда ширек ғасырға бір жарым жыл қалғанда зейнеткерлік «кепер жел» болып, «ал демалыңыз» деп жүгенді сыпырып қоя берді. Ама! жоқтықтан содан бері ол «отауды» тегін шығарып отырған жайым бар. Қала берді, архивке үніліп көрсем, құдайға шүкір, талғажау етер дүниелер жетіп артылады екен. Әлеуметтік желі... әрідегісі — саясатта нем бар, онсызда шерменде шерімді әңгімелерім арқылы-ақ тарқатып алармын.

Жас qazaq: «Сөз сойылды» тегін шығарып жатырмын дегіңіз бе?

Б.Садыр: Дәп өзі, тегін шығаруға тура келді. Өйткені ол кезде не ары жоқ, не бері жоқ, «Сөз сойылдың» шыққанына жиырма үш жарым жыл болып, аспанда ілініп қалғандықтан, «шу қара құйрық» деп бір жарым жылдан аса тегін «құлшылық» етуге тура келді.

Жас qazaq: Сонда сатира-юмордың керекті болмай қалғаны ма?

Б.Садыр: Сұхбатымның басында сатираның мән-маңызына көсіле тоқталып, одан фельетон жанрын шырлап бәйек болғаным да содан...

Жас qazaq: «Үмітсіз шайтан» деген. Бұндай жиырма айға жуық ақысыз қызметіңізге әзіл-оспақты құлай оқитын қалың оқырмандарыңыз атынан ризашылығымызды білдіреміз! «Сөз сойылды» ширек ғасырға толтырған мерейлі жылыңыз құтты болсын, лайым көздегеніңіз орындалсын.

Әңгімелескен
Жарас КЕМЕЛЖАН



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

АЙНА



www.jasqazaq.kz

ТАТВАНЫҚ

Көңілі дархан қазақ жұртының түрлі ұлт өкілдерін қиын-қыстау заманда құшағына алып, бауырына басқанын бәріміз де білеміз. Бірлігі мен ынтымағы жарасқан ұлыстардың бір шаңырақтың астында тату-тәтті күн көшуі – әлемге үлгі. Жыл сайын қазақша сөйлейтін этнос өкілдерінің де саны артып келеді. Бұл – ділі басқа болса да, тілегі бір отандастардың қазақ тіліне деген құрметі. Олар тек тілімізді емес, әдет-ғұрпымыз мен салт-дәстүрімізді де құрметтейді. Солардың бірі – қазақ тілін жетік білетін, ұлты орыс болса да, жаны қазақ Әлмира.

Әлмира Михайловская – Алматы облысы Іле ауданының тумасы. Бүгінде Алматыдағы Абай атындағы республикалық мамандандырылған мектеп интернатының 9-сыныбын тәмамдағалы отыр. Өзінің отбасы жайлы

БІР АТАНЫҢ БАЛАСЫНДАЙ

былай деп әңгімелеп берді: «Менің отбасымда 8 адам бар. Олар: ата-анам, нағашы апам, екі әпкем, тірегім болатын артымнан ерген екі інім бар. Әкемнің ұлты орыс болғанымен, біз кішкентайымыздан қазақ мектебінде оқыдық. Балалық шағым Талдықорған қаласының жанындағы Жамбыл ауылында өтті. Ауылдын адамдары тату-тәтті өмір сүреді. Үнемі бір-біріне көмектесіп, жылы қабақ танытып жүретін. Ауылдың табиғаты да көркем ғой. Әсіресе, сарқыраған өзені есімнен кетпейді. Нағашы атам мен апам бізге қазақтың аңыз әңгімелерін жиі айтатын. Сондықтан болар, бүгінде қазақтың

шешендік өнеріне қызығушылығым зор. Біздің аулада әр түрлі ұлттың балалары тұратын. Көбінесе қазақ, орыс, ұйғыр, татар балаларымен бірге өстім. Ауылға жиі баратындықтан,



Әлмира өзі оқитын мектептегі Жарқын Сәленұлы жетекшілік ететін «Ділмар» шешендік өнері үйірмесіне қатысып жүр. Қазақы ортада өскенін мақтан етеді. Ол: «Біздің көршілеріміздің көбі қазақтар. Көршілерімізбен жақын араласамыз. Қазақтың салт-дәстүрін жақсы білеміз. Беташар, той, құдайы тамақ кезінде бәріміз бір атаның баласындаймыз. Қуанышымызды бөлісіп, мерекелерде бас қосып, бір-бірімізді құттықтауды ұмытпаймыз. Әсіресе, Наурыз мерекесінде ұлттық тағамдарды пісіріп, үйде наурыз көже дайындап, дастархан жайып, көршілерді дәм татуға үйге шақырамыз.

Қазақстан – біздің ортақ үйіміз, ортақ Отанымыз. Қазақтың даласы да, баласы да өзге ұлт өкілдерін жатсынбайды. Бауырына басып, бір үзім нанды бөлісіп, саялы мекенінде паналатты. Осы сөзді ата-әжем жиі айтатын. Құлағыма сіңіріп өскенім соншалық, қазақ ұлтына деген құрметім ерекше, — дейді ол.

Әлмира еліміздегі татулық мен достықты ту еткен Қазақстан Халқы ассамблеясы туралы өз ойын ортаға салды: «Бұл – еліміздегі көптеген

Әлмира МИХАЙЛОВСКАЯ:

«Ділмар» шешендік сөз өнері үйірмесіне қатысып, қазақтың шешендік өнерінің тереңіне бойлай түстім. Үйірмеге қатысу арқылы өзімнің сөз байлығымды молайттым. Онлайн оқу кезінде де көптеген қызықты өрі пайдалы мәліметтер алдым. Шешендік өнерді игеруде мұғалімнің белсенділігі және бізге білім нәрін сіңіруге тырысуы шешендік сөз өнері пөнін оқып-меңгеруге деген ынтымады асырды. Осы пен арқылы ата-баба мұрасын сақтап, құндылығын жоғалтпай ұрпақтан-ұрпаққа жалғауымыз керек екенін түсіндім. Тағылымы мол шешендік сөздер, нақылдар, қанатты сөздер секілді т.б. асыл да қымбат мұраларымызды жаттап қана қоймай, олардың мағынасына үңілдім. Бір жыл ішінде шешендік білімімді арттырдым десем де болады. «Ділмар» үйірмесі арқылы өзіме керек деген құндылықтарды алдым. Шешендік пікірсайыстарға қатысып, өз ойымды ашық жеткізуді үйрендім».

этностарды береке мен бірлікке, ынтымақ пен татулыққа ұйыстырып отырған бірден-бір саяси ұйым. Біз осы ұйымға ерекше алғыс айтуымыз керек».

Татулық пен бірліктен, ынтымақ пен достықтан құралған қамалды ешкім де бұза алмайды. Бірлігі жарасқан ұлт пен ұлыстарымыз барда, біздің еліміздің болашағы әрқашан жарқын бола бермек.

Макпал НОҒАЙБАЕВА,
Алматы облысы

МЕРЕКЕ

30 бүлдіршіннің тұсауы кесілді

Шымкентте ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесіне орай, Shumkala этноауылында 30 бүлдіршіннің тұсаукесу рәсімі өтті.

Балалар үйінен арнайы шақырылған 30 балақайдың тұсауын Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов, мәслихат хатшысы Бахадыр Нарымбетов, қолөнер шебері Болат Бейісбеков, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жазушы Нармахан Бегалы, «Шаншар» әзіл-сықақ театрының



директоры Уәлибек Әбдірайымов сияқты елге сыйлы, құрметті азаматтар кесті. Тұсаукесер рәсімінен соң қатысушылар балаларға ақ жол тілеп, ақ баталарын берді.

Осылайша, қазақ халқының тектану ұғымына терең мән беріп, жетімі мен жесірін жылатпаған ел екендігін көпшілікке ұғындырып, дәстүрге бай ел екенімізді жас ұрпаққа сезіндірген сәтке куә болдық. Мерекелік шараны ұйымдастырушылар балаларға қуаныш сыйлаумен қоса, оларды өзінің тегіне үнйілдірді.

Сондай-ақ «Жеті қазына» атты балаларға арналған интеллектуалдық ойын-сауық бағдарламасы өткізілді. Балалар төрт топқа бөлініп, Тәуелсіздік саябағында көмбеге жасырылған 7 қазынаны іздеді. Ал этноауылда «асық», «тепсе», «асау мәстек» ойнап, «садақ ату», «ат ертеуден» жарысып, қазақ хандары туралы әңгімеледі. Тоғызқұмалақтан сайыс өткізді. Қыздар құрақ құраудан жарысты. Сайыс соңында балаларға арнайы сыйлықтар таратылды.

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ

КӨКЖИЕК



Еліміздің жетекші жоғары оқу орны – Әл Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Дүниежүзілік мәдени әртүрлілік күніне арналған «Жаңа Жібек жолы – БҰҰ Моделі» халықаралық конференциясын өткізді. ҚазҰУ «Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу бойынша ұлттық бастамалар» тақырыбындағы ауқымды іс-шараны Біріккен Ұлттар Ұйымы ақпараттық бюросы мен сыртқы істер министрлігі Алматы қаласындағы өкілдігінің қолдауымен ұйымдастырды.

Жаһандық күн тәртібі - жастар назарында



«Жаңа Жібек жолы – БҰҰ Моделі» ҚазҰУ-да 2013 жылдан бастап жыл сайын өткізілуде. Бұл – түрлі елдердің дипломаттары ретінде БҰҰ жұмысын бейнелейтін студенттер мен жоғары сынып оқушыларына арналған халықаралық жоба. Биылғы жылы іс-шараға әлемнің әр бұрышынан 150-ден астам шетелдік студенттер мен мектеп оқушылары, сондай-ақ беделді сарапшылар, БҰҰ мен дипломатиялық органның өкілдері қатысты.

Жоба жастардың назарын қазіргі заманның жаһандық мәселелеріне аударуға, әлем туралы біртұтас көзқарас қалыптастыруға, сондай-ақ талдау дағдылары мен зерттеу жұмысын және мәдениетаралық коммуникация мен диалог құру арқылы шиеленістерді еңсеру қабілетін дамытуға бағытталған.

ҚазҰУ басқарма төрағасы-ректор Жансейіт Түймебаев форум қатысушыларына құттықтау сөзін жолдалы. Ол өз сөзінде Қазақстанның 1992 жылдан бастап БҰҰ жүйесіне интеграциялануы еліміздің сыртқы саяси міндеттерін іске асыру жолындағы маңызды қадам болғанын атап өтті. Бүгінгі таңда, еліміз адамзаттың Тұрақты даму мақсаттарының бір бөлігіне айналған маңызды халықаралық бастамаларды алға тарта отырып, әлемдік деңгейде лайықты орын алуда.

«Биыл Қазақстанның Тәуелсіздік алғанына 30 жыл толады. ҚазҰУ БҰҰ-ның тұрақты даму жөніндегі «Академиялық ықпал» бағдарламасының Жаһандық хабы ретінде БҰҰ қызметінің барлық салаларына белсенділік танытып, оның бейбіт бастамаларын дамытып, ілгерілетуге өз үлесін қосуда. «Жаңа Жібек жолы – БҰҰ Моделі» – бұл жастардың тұрақты және баянды бейбітшілік құруға қосқан үлесі», — деп айтылды қарсы алу сөзінде.

БҰҰ-ның Қазақстандағы Жаһандық коммуникациялар департаментінің өкілі Властимил Самек өз сөзінде «Жаңа Жібек жолы – БҰҰ Моделі» халықаралық жастар коммуникациялық платформасын ілгерілетудегі ҚазҰУ рөлін ерекше атап өтті. Сондай-ақ ол студенттер ойын түрінде жаһандық күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға, пікірсайыстар мен ұжымдық шешімдер әзірлеуде жақсы тәжірибе жинауға, тікелей қатысу арқылы БҰҰ жұмысын жобалауға тамаша мүмкіндік алатынын атап өтті. Ол ұйымдастырушыларға алғыс білдіріп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Екі күн бойы әлемнің 20-дан астам елінің жас көшбасшылары мен спикерлері бітімгершіліктің өзекті мәселелері мен адамзаттың Тұрақты дамуының 17 мақсатын іске асыруды, жаһандық экономиканы қалпына келтіру шараларын және COVID-19 пандемиясы кезеңінде мұқтаж жандарға көмек көрсету, киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес және басқа көптеген мәселелерді талқылады.

Тоғжан ӘБДЕШ

ЖАҢА КІТАП



«Талант, талғам, тағзым»

Асқак дауысты әнші-термеші, композитор, ұлт мұрасының жанашыры, Мағауия Баймұкамәтұлының өнері мен өмірі жайындағы естеліктер жинағын шәкірті Әбдіғани Бәзілханұлы құрастырып жарыққа шығарды.

Мағауия Баймұкамәтұлы арамызда болса, 9 маусымда 65 жасқа толар еді. Атаулы күнге орай өнер иесінің өнегелі өрімін суреттейтін «Талант, талғам, тағзым» кітабының таныстырылымы Алматыда 9 маусым күні сағат 11-де өтеді.



Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы:
Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы
Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі
Тілшілер мен қызметкерлер:
Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық
Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші
Қуаныш РАХМЕТ — жастар және ғылым
Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:
Байкен ҚӨБЕЕВ — Акмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)
Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)
Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)
Мәриям АЙТБАЙ — Шымкент қаласы
Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы
Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)
Кезекші редактор Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС
Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ
Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы: 050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат (<i>Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы</i>) Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)
Газет «Дәуір» ЖШС РПІК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2263; Бағасы келісім бойынша
Апталық таралым — 5000 дана
<i>Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AitAstan» әуесқолының ұшақтарында бар.</i>
Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген. 2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 куәлігін алды. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.